




ҚАЛА МЕН САЛА  
**ТАБИҒАТ  
ТАРЫҚПАСЫН**

6-БЕТТЕ



ТЕЛЕТЕРЕЗЕ  
**ЖҮРЕКТІ  
ТЕРБЕСЕ...**

10-БЕТТЕ



РУХАНИ ЖАҒЫРУ  
**ҚЫМЫЗДЫҢ  
ҚҰДІРЕТІ**


11-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКААЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№66 (4035)

Сенбі

6 маусым 2020 жыл

**AQSHAMY**




## ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮМІТІ АҚТАЛҒАН ЖЫЛ

Үлестік құрылыс – бас қаламыздағы қордаланған мәселелердің бірі. Көп уақыттан бері оң шешімін таппай келе жатқан бұл мәселенің түйіні Алтай Көлгінов әкім болғалы оң шешіле бастады. Құрылысы тоқтап қалған нысандардың жұмысын қайта жандандырған әкім биыл 8 мың үлескердің пәтер кілтін алуына мүмкіндік жасап отыр.

**4**

Қалалық әкімдікте елорда әкімі Алтай Көлгіновтің төрағалығымен қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту және көлік жүйесін дамыту мәселелері бойынша жиын өтті.

Нұр-Сұлтанда инвестициялар көмегімен электроавтобустар санын 200-ге дейін көбейту жоспарланып отыр. Бұған дейін жеке инвесторлар өз қаржысына елордаға электроавтобус әкелді. Қала әкімдігі 100 электроавтобус сатып алды, олар биылдан бастап желіге шықты.



## МОБИЛЬДІ СКРИНИНГ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Енді автоәуесқойлар мен жолаушылар індетке көлікте отырып-ақ тест тапсыра алады. Кеше Нұр-Сұлтанда COVID-19 диагностикасы бойынша тест тапсыруға арналған мобильді орталық іске қосылды. Elorda.info сайты хабарлағандай, зертхана №2 көпбейінді қалалық аурухана базасына қарайды. Скрининг-орталық «MEGA Silk Way» сауда, ойын-сауық орталығы маңында, яғни №2 аурухана мен орталық ортасында орналасқан.

**3**



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 447.33 \$ USD/KZT 399.51 ₸ RUB/KZT 5.78 ¥ CNY/KZT 56.10

www.astana-akshamy.kz







## ЕҢ БАСТЫСЫ – ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН САҚТАУ

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Кеңесте «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының қазіргі қызметі, шағын және орта бизнесті қолдау бойынша қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ кеңестің өткен отырысында берілген тапсырмалардың орындалу барысы қаралды.

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

Отырысты ашқан Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» қоры ел дамуында маңызды рөл атқаратынын атап өтті. «Биыл біз ауыр сынақтарға тап болдық. Коронавирус пандемиясы жаһандық экономикалық дағдарысқа әкеп соқты. Әлемдік экономика мен сауда өсімі тоқтады. Бұл факторлардың барлығы біздің экономикамызға кері әсерін тигізіп отыр. Осы орайда біз қалыптасқан күрделі ахуалға тез бейімделуге және дағдарысты еңсеруге септігін тигізетін экономиканың негізгі драйверлерін айқындауға тиіспіз» деді Елбасы.

Тұңғыш Президент мемлекеттің экономикалық өсімді қалпына келтіру шараларын дер кезінде қабылдағанына және маңыздылығына тоқталды. «Экономикамызды қалпына келтіруге және әрі қарай дамытуда ұлттық әл-ауқат қоры басты рөл атқарады. Қазақстанның барлық негізгі компанияларын осы қордың құрамына кіреді. Қор компанияларының жиынтық активтері 28 трлн теңгені құрайды. Бұл – ЖІӨ-

нің 40 пайызы. Мұнда 300 мың қызметкер жұмыс істейді» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Жиын барысында ҚР Премьер-министрі А.Маминнің, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы А.Есімовтің, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы А.Айдарбаевтың, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы С.Мыңбаевтың баяндамалары тыңдалды.

Елбасы қор компанияларының тиімділігін әрі қарай арттыру үшін нақты шаралар қабылдаудың маңыздылығын атап өтті.

Кеңес қорытындысы бойынша Елбасы «Самұрық-Қазына» басшылығының дағдарысқа қарсы қабылдаған шараларының нәтижесін атап өтіп, бұл тәжірибені басқа да құрылымдарда қолданудың маңыздылығына тоқталды. «Қабылданған шаралар арқылы қор өндірістік бағыттағы қызметкерлерді жаппай қысқартуға жол берген жоқ. Бұл өте маңызды. Дағдарысқа алғаш тап болып

отырған жоқпыз ғой. Бұған дейін 1998 жылғы дағдарысты да, 2008-2009 жылдардағы әлемдік дағдарысты да еңсердік. Мен бүкіл компаниялардан жұмыс орнын, адамдарды сақтап қалуды сұрадым. Тіпті қазір ақша төлемесек те, жұмыс орнын сақталады десең, осының өзі – үлкен қолдау. Ол қайта оралып, компанияда жұмыс істейтінін біледі. Бұл мысалдар басқаларға да үлгі болуы тиіс. Осы тәсілді барлық жерде қолдану керек» деді Н.Назарбаев.

Сөз соңында Елбасы қордың кейінгі 2 жылда сыртқы қарыздың 8 млрд теңгесін мерзімінен бұрын төлегенін тілге тиек етті. «Сонғы екі жыл көлемінде қор сыртқы қарызының 8 миллиард теңгесін мерзімінен бұрын төледі. Бұл валюта бағамының өзгеруіне байланысты жоғалуы мүмкін 1 триллион теңгені үнемдеуге көмектесті. Дағдарысқа қарамастан, жоғарыда аталған шаралар кешені Үкіметке 120 миллиард теңге көлемінде дивиденд төлеуге мүмкіндік берді. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 10 есеге көп» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының басшыларымен кеңес өткізді. Кеңеске Бас прокуратураның, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қауіпсіздік кеңесі аппаратының басшылары қатысты.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа құқық қорғау ведомстволарының жұмысы, заңнамалардың сақталуын қадағалау туралы есеп берілді. Мемлекет басшысы заңдылықты күшейту, елімізде тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті сақтау бағытында құқық қорғау органдарының жауапкершілігі жоғары екенін айтты. Сондай-ақ азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғап, созылып бара

жатқан коронавирус пандемиясы кезінде олардың денсаулығын сақтау үшін жағдай жасаудағы күштік құрылымдардың рөліне тоқталды. Жүргізіліп жатқан саяси реформалар барысында заңнама нормаларының реформалануы жөнінде жұртшылыққа егжей-тегжейлі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігіне ерекше назар аударылды.

## ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

6 маусымнан бастап «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа заң қолданысқа енді.



Аталған заңда белгіленген тәртіп бойынша жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді ұйымдастыру және өткізу үшін қатысты құзырлы орындарға хабарлама жасау қарастырылған. Ұйымдастырушы оларды өткізу күніне дейін бес жұмыс күн бұрын жергілікті атқарушы органға хабарлама береді, ол үш жұмыс күні ішінде оны қарауға тиіс. Бұл мерзім аяқталған соң жауап болмаған жағдайда, ұйымдастырушы бейбіт жиналысты өткізеді.

Сонымен қатар, бейбіт жиналыстар арнайы орындарда өткізілуі тиіс. Дегенмен бұл арада Денсаулық сақтау министрлігі 2020 жылғы 4 маусымда үндеу жасап, карантин кезеңінде елде бұқаралық іс-шараларды, оның

ішінде митингілерді өткізуге тыйым салғанын ескерген абзал. Бұл ескертуге бағынбағандарды әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген.

Дегенмен жекелеген тұлғалар ел азаматтарын 2020 жылғы 6 маусымда жаппай митингілерге шығуға шақыруда. Осы жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның орынбасары Б.Дембаев жаңадан белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін жиналыстарды ұйымдастыру және оларға қатысу заңсыз болып табылатынын және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 488-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтыратынын айтып, халыққа үндеу жасады.

## ПРАЙМЕРИЗ ЕРЕЖЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ

«Nur Otan» партиясының Саяси кеңесі бекіткен, партияшілік іріктеуді өткізу ережесі жарияланды. Бұған дейін «Nur Otan» партиясының лидері Нұрсұлтан Назарбаев 2020 жылдың 17 тамызы мен 3 қазаны аралығында праймериз өткізу туралы қаулыға қол қойған болатын.

Ережеге сәйкес, партияның құндылықтарын ұстанатын және сайлау құқығы бар кез келген қазақстандық үміткер бола алады. Егер кандидат партия мүшесі болмаса, ол праймеризге қатысушыларды тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін партия қатарына қосыла алады. Кандидаттар бастауыш партия ұйымынан және бір облыс, қала немесе ауданнан өзін-өзі ұсыну жолымен

де қатысуы мүмкін. Парламент Мәжілісінің қазіргі депутаттары да праймеризге кандидат ретінде конференцияларда жарыссөздерге қатыса алады. Үгіт-насихат жұмыстарын тікелей кандидаттардың өздері жүзеге асырады. Жарыссөздерге қатысу барлық кандидаттар үшін міндетті.

Партияшілік іріктеу ережесінде дауыс беру барысының

ашықтығын қамтамасыз ету тетіктері қарастырылған. Барлық кезеңдерді Партиялық бақылау комитеті бақылайды. Ал оның құрамына партия мүшесі болып табылмайтын қоғам белсенділері де кіреді. Заңнамалық өзгерістерге сәйкес, партиялық тізімдерде кемінде 30 пайызы әйелдер және 20 пайызы 35 жасқа дейінгі жастар ұсынылуы керек.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### ■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Іле ауданында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша биыл 3,5 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарда тұр. Олар мектеп, мәдениет үйі сияқты 90-ға жуық нысанның құрылысын жүргізіп, жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге атсалысады. Облыс бойынша «Жұмыспен қамтудың жол картасына» сәйкес 23 мыңға жуық жұмыс орнын құру жоспарланған.

### ■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Аягөз ауданында «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 68 жоба жүзеге асырылуда. Оған республикалық бюджеттен 2 миллиард 411 миллион теңге бөлінген. Қазір ауыл мен аудан орталығында әлеуметтік нысандар күрделі жөндеуден өткізіліп, жолдар салынуда.

### ■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Биыл облыста 500 шақырым жол жөнделеді. Сонымен қоса, көшелерге тасжол төселіп, жаяу жолдар салынады. Бұл мақсатқа 45 миллиард теңге бөлінген. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын жобалар өткен айда басталды.

### ■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Қордай ауданында 5 ауылды газдандыру жұмыстары басталды. Биыл Қаракемер, Ауқатты, Бұлар батыр, Сортөбе және Масаншы елді мекендеріне газ жеткізіледі. Жоба жартылай бюджет, жартылай «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

### ■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағандыны абаттандыруға биыл тұңғыш рет қомақты қаржы бөлінді. 9,6 миллиард теңгеге «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 421 аула қалпына келтіріледі. Өңірдегі өңі кеткен ғимараттардың қасбеті жаңартылып, шатыры ауыстырылады. Аулаларда балалардың ойын алаңдары салынады.





## ҰСТАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен қашықтан оқыту кезіндегі ерен еңбегі үшін елордалық ұстаздарды марапаттады.

Нұр-Сұлтан мектептерінің 22 мұғалімі Ыбырай Алтынсарин медалін иеленсе, үш ұстаз «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды. Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттары мен құрмет грамоталары 139 ұстазға тапсырылды.

Қала әкімінің орынбасары мұғалімдерді оқу жылының аяқталуымен құттықтай отырып, олардың қашықтан оқытудағы зор еңбегін ерекше атап өтті. «Пандемия кезінде Президент

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен мектептер қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетілді. Осынау қиын уақытта өздеріңіз жақсы жұмыс көрсетіп, балаларды оқытуға зор үлес қостыңыздар. Оқу жылының 4-тоқсаны ерекше форматта өтті, 170 мыңдай оқушы қашықтан білім алды. Ұстаздар қауымы осындай қиын кезеңде кәсіби шеберлігі мен шығармашылық қабілетін жоға-

ры деңгейде көрсетті. Елордада 187 мұғалім телеарналар арқылы қазақ және орыс тілінде 12 пәннен бастап 3300 онлайн сабақ өткізді» деді Бақтияр Мәкен.

Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова педагогтарға қашықтан оқыту кезінде білім беруді жалғастыру үшін жаңа дағдыларды меңгеруге тура келгенін айтты. «Әлемдік пандемия кезінде елімізде ұстаздар «Ел арна», «Балапан» арналары арқылы сабақ берді. Мұғалімдердің тәжірибесінде бұл алғаш рет болып отыр. Ұстаз ғана емес, диктор міндетін де, монтаж жұмысын да қосымша атқарды» деді Ш.Қадырова.

## МОБИЛЬДІ СКРИНИНГ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аталған мобильді орталықтың ашылуына елорда әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен мен Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықова қатысты. «Мұндағы мақсат – қала тұрғындарының барлығына тест тапсырып, инфекция жұқтырмағанына көз жеткізуге мүмкіндік беру. Бұдан бөлек, қаладағы 6 зертханада күнделікті 4500 тест тапсырылады. Жалпы, қала бойынша мемлекеттік және жекеменшік зертханалар жұмыс жасайды. Ал бұл орталықтың орналасқан жері де ыңғайлы. Азаматтар әуежайдан келе жатып та тест тапсыра алады. Көліктерге де автотұрақ орны жеткілікті» деді Бақтияр Мәкен тілшілерге берген сұхбатында.

Оның айтуынша, бұл жоба алдағы уақытта қаланың басқа бөлігінде де ашылуы мүмкін. Мобильді орталықтың қуаты күніне 100-ден астам тестті құрайды. Бір адам ұзақтығы 3-5 минут ішінде тест тапсырады. Бұл – дәстүрлі скринингте жұмсалатын үдерістің үштен бір бөлігі ғана. Мұның ең тиімділігі тест тапсырушылар кезек күтпей, ешкіммен байланыс жасамай, өз автокөлігінде отыра береді. Ем-шара ақылы, бағасы 10 мың теңге тұрады.

Тест тапсырушылар жеке ақпарат, эпидемиологиялық факторлар мен байланысты белгілері бар сауална-



маны толтырады. Кабинада дене температурасы байланыссыз термометр көмегімен өлшенеді. Нәтиже 6 сағатта белгілі болады. Оны бір тәулік ішінде электрондық пошта арқылы немесе телефон нөмірі арқылы PDF форматында ала алады. COVID-19 вирусына күдікті болған жағдайда осы кезеңде тестіленуші мамандандырылған ауруханаға ауыстырылады. Мобильді скрининг-орталық сағат 08.00-ден 20.00-ге дейін демалыссыз,

індеттің соңына дейін жұмыс істейтін болады.

Осындай әдісті оңтүстіккореялық дәрігерлер, одан кейін басқа да бірқатар елдер сынап көрді. Мамандардың пікірінше, Нұр-Сұлтандағы осындай бекеттің ашылуы қала тұрғындары арасында жасырын ауру ошақтарын анықтауға және асқынға жол бермей, уақытылы санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу шараларын алдын ала қабылдауға мүмкіндік береді.



## ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### ҚЫТАЙ ҰШАҚТАРЫН ЕЛГЕ КІРГІЗБЕЙТІН БОЛДЫ

АҚШ Қытай ұшақтарын елге кіргізбейтін болды. Оған Бейжің тарапы авиациялық келісімді бұзғаны себеп болған көрінеді. Ақ үйдің бұл шешімі 16 маусымнан бастап күшіне енбек.

Қазір Құрама Штаттарға қатынауға 6 қытайлық әуе компаниясының рұқсаты бар. Олар вирус өршіген кезде өздерінің отандастарын Қытайға қайтарып үлгерген екен. Ал америкалық Delta және United Airlines әуе компанияларына Бейжің коронавирусы кезінде елге кіруге рұқсат бермеді. Бұл қос компания да Ақ үйге шағымын жеткізген.



### БІРЛЕСІП ВАКЦИНА ЖАСАЙДЫ

Нидерланды, Италия, Германия және Франция коронавирустан вакцина жасау үшін альянс құрды. Төрт ел Еуропа аумағында вакцина өндіруді қамтамасыз ету, вакцина санының жеткілікті болуын, вакцинаның ЕО елдері мен Африка сынды кірісі төмен елдерге де қолжетімді болуын қамтамасыз етуді мақсат етіп отыр.

Қазірге дейін әлем бойынша 6 миллион 600 мың адам індет жұқтырып, қайтыс болғандар саны 400 мыңға жуықтады. Ал Қазақстанда 12312 адам індет жұқтырып, 52 адам қайтыс болды. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың айтуынша, елімізде созылмалы аурудан қайтыс болған 37 науқастан COVID-19 белгілері анықталған.



### НӘСІЛШІЛДІККЕ ҚАРСЫ ШЕРУ

Францияның Лиль қаласында жүздеген адам нәсілшілдікке қарсы шеруге шығып, полициямен қақтығысты. Шараға қатысушылар «Адам үшін әділдік» деп ұрандатты. Тәртіп сақшылары демонстранттарды күшпен таратты.

24 жастағы Адам Траоре 2016 жылы Бомон-Сюр-Уаз қаласында полицейлердің тұтқындау кезінде көз жұмған. Бірақ сот «жас жігіт денсаулығының әлсіздігінен қаза тапты» деген шешім шығарған еді. Ал жақында адамның тұншықтырудан өлгенін дәлелдейтін жаңа сараптама жарияланды. Шеруге АҚШ-тағы жағдай да себеп болып отыр.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бетпесі суреттер галереядан алынды

#### ■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Облысқа Австриядан 186 сауын сиыр әкелінді. Ақсу қаласына қарайтын Үштерек ауылындағы сүт фермасы өндіріс көлемін арттыруды көздеп отыр. Шамамен бес айдан кейін мал төлдей бастайды. Олар Австриядағы шаруашылықтарда қолдан ұрықтан-дырылған.

#### ■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Өңірде 180 отбасы баспаналы болды. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Сырдарияның сол жағалауына салынған 4 үйге көпбалалы отбасылар қоныстанды. Жалпы, облыс бойынша 26 мыңнан астам көпбалалы отбасы бар. Олардың 3 жарым мыңдайы тұрғын үй кезегінде тұр.

#### ■ ОРАЛ

Облыс орталығында сал ауруына шалдыққан 117 балаға денсаулығын түзеуге көмектесетін аппарат табыс етілді. Вертикализатор деп аталатын мұндай құрылғы претк-қимыл жүйесінде ақауы бар балалардың отырып-тұруына жәрдемдеседі. Жалпы, облыста сал ауруына шалдыққан 24 мыңдай адам болса, соның 11 мыңы бала екен.



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo



Дәулет АСАУОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

2019 жылдың басында қалада проблемалы 52 үлескерлік үй бар еді. Алтай Көлгінов 1,5 ай ішінде олардың бәрін аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты, кейбіреулерінде тіпті қайта айналып соғуға тура келді. Негізгі түйткіл – құрылыс компанияларының шартта көрсетілген мерзімді сақтамауы, пәтер құжаттарының жоқтығы, кейбіреулерінің үсті-үстіне екі-үш қайтара сатылуы, құрылыс сапасының, инженерлік тораптардың тиісті деңгейде болмауы, материалдардың қолды болып кетуі, тұрғындардың күнделікті тұрмысында қажетті паркинг, балалар алаңы және спорт алаңқайларының ескерілмеуі, тағысын тағылар.

Мәселен, қала әкімі Алтай Көлгінов кеше таңертең қаладағы бірқатар құрылыс нысандарын аралады. Аралау барысында құрылыс ұзаққа созылған бірқатар тұрғын үйдің құрылысымен танысып, оларға сапаға мән берумен қатар, уақытты да ұтымды пайдалану жөнінде тапсырмалар берді.

Әкімнің тікелей тапсырмасымен «Загреб» тұрғын үй кешенінде инвестор анықталып, көппәтерлі үй салу жұмыстарына кірісіп кетті. Сонымен қатар, әкім құрылысы ұзаққа созылған үйлер инвесторларға тартымды болу үшін қосымша жер учаскесі бөлінетінін жеткізді. «Өткен жылы 10 үй салынып, пайдалануға берілсе, биыл пайдалануға берілетін үй саны одан екі есе көп. 8 мың үлескер пәтер кілтін алып, үй құжаттарын рәсімдей алады» деді қала әкімі.

### ҮЛЕСКЕРЛІК БОЙЫНША ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР:

«Шығыс» ТК – 4 топ бойынша мердігерлер белгіленді, құрылыс жұмыстары бір аптаның ішінде жалғастырылатын болады.

«Жағалау» ТК – осы айдың соңына дейін мердігерді анықтау бойынша конкурс жарияланады.

«Территория комфорта» ТК – нысандарды сырумен айналысатын инвестор белгіленді (8 блоктың алтауы сырылады), қазіргі күні жобалау-сметалық құжат сараптамалық зерттеуден өткізілуде.

«Загреб» ТК – инвестор белгіленді (НАК), құрылыс жұмыстары басталды.

«Комсомольский» ТК – нысан тұрғын үй құрылысы комбинатының және жекеменшік құрылысшылардың иелігінен алынды, жобалау-сметалық құжат әзірленіп жатыр.

«Royal Expo» ТК – инвестор жобалау-сметалық құжатқа түзету енгізіп жатыр.

Қалыптасқан жағдайдың бәрін саралай келе, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі түйткілді 52 нысанды ведомстволық бақылауына алды. Бұл үйлерде жалпы саны 16 мыңға тарта үлескер бар еді. Оның ішінде 22 нысанның (4156 үлескер) жұмыс жоспары бекітіліп, үлескерлер жергілікті атқарушы биліктің көмегімен құрылысты өздері жалғастырып ақтты. Ал аса проблемалы 30 нысанның (11660 үлескер) құрылысын аяқтау үшін «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-ке «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 2017 жылы Үкімет қорынан 40 млрд теңге бөлінген. Биыл тағы 38,5 млрд теңге беріліп отыр.



## ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮМІТІ АҚТАЛҒАН ЖЫЛ

» Елордада күйіп тұрған мәселенің бірі – үлескерлік тұрғын үй құрылысы. Көп жылдан бері қордаланып қалған осы күрделі проблема астанаға Алтай Көлгінов әкім болып келгелі оң шешімін таба бастады.

үлескер) жұмыс жоспары бекітіліп, үлескерлер жергілікті атқарушы биліктің көмегімен құрылысты өздері жалғастырып ақтты. Ал аса проблемалы 30 нысанның (11660 үлескер) құрылысын аяқтау үшін «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-ке «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 2017 жылы Үкімет қорынан 40 млрд теңге бөлінген. Биыл тағы 38,5 млрд теңге беріліп отыр. Бұл қаражат проблемалы нысандардың құрылысын жалғастыруға және қосымша жаңа тұрғын үй кешендерін салуға жұмсалады. Қосымша нысандар бөлінген несиеден өтеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ астананың әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру үшін аса қажет.

Құрылыс жұмыстарына жеке инвесторлар тартылды. Елордадағы «сақалды» құрылыстарды аяқтау туралы «В1 Group», «Орда Инвест», «Базис А», «Элит Строй» және т. б. ірі құрылыс компаниялармен келіссөздер жүргізілді. Тиімсіз нысандардың экономикалық ахуалын жақсарту үшін қосымша жер телімдері беріледі. Үлескерлердің мәселесін түбегейлі шешу бойынша астана әкімдігі «Жол картасын» әзірледі, соның шеңберінде әр нысанға қарай іс-шаралар кешені белгіленді.

– Халықты баспанамен қамту мәселесі бір жылда шешілмейді. Біз қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді деп бөлдік. Биыл 10 үйді іске қосуды көздеп отырмыз. Алдағы уақытта 15 үй, одан кейін қалған үйлерді бітіреміз. Сонда 3-5 жылда біз оны түбегейлі шешуіміз қажет. Ол үшін үлкен жұмыс атқаруымыз керек, – деген еді қала бас-

шысы тұрғындар алдында есеп беру кездесулерінің бірінде.

Жоспарланғандай, өткен жылы 2,5 мың үлескері бар 10 көпқабатты үй пайдалануға берілді. Ендігі күні 42 проблемалық нысан қалды (13233 үлескер). Олардың 9 нысаны (1230 үлескер) бойынша жеке компаниялар есебінен құрылыс жалғастырылып жатыр. Аса проблемалы 33 нысан бойынша (12003 үлескер) құрылыс жұмыстары «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жүргізілуде. Жалпы, халыққа

қолжетімді тұрғын үйлер сәулеті 21 мердігерлік ұйым айналысады.

2020 жылдың аяғына дейін 8 мың көппәтерлі 20 нысан бой көтереді. Бұл былтырғыға қарағанда үш еседен артық. Қалған 22 нысан (4,7 мың үлескер) алдағы үш жыл ішінде салынуы тиіс: 2021 жылы – 7 нысан; 2022 жылы – 8 нысан; 2023 жылы – 7 нысан.

Үлескерлер проблемасын шешу және құрылыс қарқынын арттыру үшін атқарушы билік ерекше шаралар қабыл-

дады. Қала басшысы «Бағыстан» мен «Алтын шар» ТК жобалары бойынша жұмыс істеп жатқан үй құрылысы комбинаттары кредиторлар мен өзінің жұмысшыларының алдында 600 млн теңге берешегі болғанын, сөйтіп олардың қызметі тоқтап қалғанын айтты. Осы берешек қаржы мемлекет есебінен жабылып, қазіргі күні аталған компаниялар қайтадан құрылысқа кіріскен.

Соның арқасында «Бағыстан» мен «Алтын шар» ТК үйлері ағымдағы жылы пай-

далануға берілетін болды. Сондай-ақ GLB үй құрылысы комбинаты әлеуметтік баспаналар салуға белсенді қатыстырылатын болды. Олар қолданатын үй салудың модульдік технологиясы ғимараттың сапасына нұқсан келтірмей, құрылысты анағұрлым жеделдетіп жүргізулеріне мүмкіндік береді.

– Мемлекет қолдауының арқасында құрылыс материалдарының құны арзандатылады. Ол үйлердің сапасына нұқсан келтірілмей, шаршы метрдің құнын азайтуға және тұрғызу мерзімін қысқартуға көмектеседі, – деді А.Көлгінов.

Сондай-ақ шаһар басшысы Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарын баспана сатып алу кезінде мұқият болуға шақырды. «Біз әкімдіктің ресми сайтында жосықсыз құрылысшылардың тізімін және тұрғын үй қатынастарына қатысты заңға енгізілген өзгертулерді жариялаймыз. Баспана сатып алардан бұрын сіздер алданған үлескерлер қатарында қалмас үшін сонымен мұқият танысып алғандарыңыз абзал. Құрылыс компаниясының рұқсат құжаттарын көрсетуді де міндетті түрде сұратыңыздар» деді ол.

Дегенмен халық саны жыл сайын жедел өсіп келе жатқан елордада баспана жетіспеушілігі әлі де өткір. Бүгінде тұрғын үй кезегінде 47577 адам тіркелген. Жергілікті билік осы мәселені шешу үшін келесідей бағыттарда жұмыс істейді: «Нұрлы жер», 7/20/25, «Бақытты отбасы», «Баспана Хит», «Стандарт» бағдарламалары арқылы халықтың баспанаға қолжетімділігі арта түскен.

«Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша; жеңілдетілген несиеге және жалға берілетін үйлер; еңбекші жастарға арналған үйлер; бюджет қызметкерлеріне, көпбалалы және толық емес отбасыларға берілетін 1 млн теңгенің сертификаты; «Нұрлы Ертіс» және «Еңбек» бағдарламасы бойынша отбасыларды өзге өңірлерге көшіру.

### 2020 ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНА ДЕЙІН 8 МЫҢ КӨППӘТЕРЛІ 20 НЫСАН БОЙ КӨТЕРЕДІ

Қалыптасқан жағдайдың бәрін саралай келе, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі түйткілді 52 нысанды ведомстволық бақылауына алды. Бұл үйлерде жалпы саны 16 мыңға тарта үлескер бар еді. Оның ішінде 22 нысанның (4156 үлескер) жұмыс жоспары бекітіліп, үлескерлер жергілікті атқарушы биліктің көмегімен құрылысты өздері жалғастырып ақтты. Ал аса проблемалы 30 нысанның (11660 үлескер) құрылысын аяқтау үшін «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-ке «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 2017 жылы Үкімет қорынан 40 млрд теңге бөлінген. Биыл тағы 38,5 млрд теңге беріліп отыр.

**Проблемалық нысандар құрылысын тежейтін және бөлінген қаражатты игеруге кедергі келтіретін себептер:**

**Бірінші.** Жосықсыз құрылыс салушыларға қатысты сот процестерінің жүргізілмеуі және сот шешімі бойынша олардың әрекеттерінен жапа шеккен тұлғалардың белгіленбеуі.

**Екінші.** «Мемлекеттік сараптама» РМК-ның нысандарға қатысты жобалау-сметалық құжаттары толық пакетінің және қорытындысының жоқтығы.

**Үшінші.** Техникалық және қаржылық аудиттің жоқтығы.

**Төртінші.** Жер учаскесі бар нысандарға үшінші тараптардың ауыртпалық және талап қоюы.

**Бесінші.** Құрылыс салушылардың ЕҚК-мен бекітілген шарт талаптарын орындамауы.



# ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚАУЫРТ

» Елордада блокбекеттер алынғанмен, карантин режимі жалғасуда. Карантин кезінде құқық қорғау орындары қалай жұмыс істеп жатқанын білу үшін алдымен Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаментіне хабарласқанымызда олардың жұмысы қашанғыдай қауырт қарбаласқа толы екенін байқадық.

## ПОЛИЦИЯ ҚАЛҒЫМАЙДЫ

– Құқық қорғау органдары, соның ішінде полицейлер карантин кезінде өте нәтижелі еңбек етті. Айталық, карантин режимі кезеңінде Нұр-Сұлтан қаласының периметрі бойынша орналасқан блокбекеттер арқылы 800 мың азамат пен 292 мың көлік жүріп өткен болса, оның ішінде 236 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 172-сі қамауға алынып, 63 адамға айыппұл салынды, блокбекеттерде пара берудің екі әрекеті тоқтатылды. Сондай-ақ жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу барысында Toyota Camry автокөлігінен пневматикалық газ балонды тапанша мен 2 пышақ табылған, жалпы осы кезеңде елорда бойынша қылмыс саны айтарлықтай азайған. Қазіргі уақытта блокбекеттерде кезекшілікке тартылған полицияның барлық жеке құрамы алынып тасталды, шекаралар ашық, дегенмен біздің жұмысымыз бұрынғыдан да көбеймесе, азайған жоқ. Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті елорда тұрғындары мен қонақтарына қаладағы карантин режимі сақталатынын, маска киіп жүру, қашықтықты сақтау, қолды антисептикпен өңдеу керектігін ескертеді, – деп жауап берді Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.



## САҚ БОЛУДЫ ЕСКЕРТЕДІ

Есіл ауданы төтенше жағдай бөлімінің қызметкерлері күн сайын адамдардың рұқсатсыз шомылатын орындарын анықтау мақсатында рейдке шығады. Есіл өзенінің жағасында, «Тельман» кентінің Қарасу өзені бойында және «Нұра-Есіл» каналында тұрғындармен кездесіп, судағы жүріс-тұрыс қағидаларын түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, жадынамалар мен буклеттер таратады.

## АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің Алматы ау-

дандық пробация қызметінің инспекторлары Алматы аудандық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметінің учаскелік инспекторларымен бірге Нұр-Сұлтан қаласы бойынша есепке алынған тұлғалардың нақты тұрғылықты жері бойынша тексеру жүргізіп жатыр. 25 мамыр-8 маусым аралығында «Учетчик» жедел алдын алу іс-шаралары жүреді, 25 мамырда басталған «Участок» жедел алдын алу іс шарасы 25 шілдеге дейін жалғасады. Аталған профилактикалық іс-шараның міндеті – пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған тұлғалардың тұрғылықты мекенжайларын, жұмыс орны бойынша тексеру,

олармен тәрбиелік-профилактикалық әңгіме-сұхбат жүргізу, пробация қызметі бақылауынан жалтарып жүрген сотталғандарды анықтау. Профилактикалық іс-шара аясында Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының пробация қызметі мен Алматы аудандық ІПБ жергілікті полиция қызметі №8 учаскелік полиция инспекторларымен бірлесе отырып «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық» кодексінің 492-бабы бойынша тексеру жүргізіп, 9 сотталғанға ескерту беріліп, 2 сотталғанға айыппұл салынды. COVID-19 коронавирусына байланысты карантин уақытында қауіпсіздік пен сақтандыру шараларын мұқият сақтау жөнінде ескерілді.

## СОТ ІСТЕРІ ҚАШЫҚТАН ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласының соттары карантин басталған кезден бастап азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында цифрлық технологияларды қолдана отырып, «TrueConf», «WhatsApp», «Skype», «Сот кабинеті» ақпараттық сервисінің мобильді қосымшалары арқылы істерді қараған болатын. Қашықтан жұмыс істеу жалғасуда, Нұр-Сұлтан қалалық соттары карантин уақытында талап арыздарды қабылдауды сот кабинеті (<http://office.sud.kz>) және соттың электрондық поштасы 010229@sud.kz арқылы жүзеге асырады, яғни сот төрағасы азаматтарды онлайн режимде қабылдайды.

Мысалы, 1 маусымда Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр аудандық сотында онлайн режимде кездесу өтті. Іс-шараға сот төрағасы Нұрбол Шамиев, Заң консультанттары қауымдастығы мен палатасының өкілдері, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы адвокаттар алқасының өкілдері қатысып, қатысушылар арасында сындарлы пікір алмасу өтті және карантин жағдайында азаматтық істерді қарау тәртібі туралы түсініктер берілді.

## ANTIKOR.LIVE – ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ

Карантин кезінде 61 тікелей эфир, «Adal kömek» жобасы аясында 35 тікелей эфир ұйымдастырылған. Ақпараттық ағартушылық штабының жетекшісі мен мүшелерінің қатысуымен 42 тікелей эфир, 38 семинар-тренингтер, 70 кездесу өткен. Мысалы, 19 мамырда «Астана – адалдық алаңы» жобасы аясында агенттік төрағасы Алик Шпекбаев және елорда әкімі Алтай Көлгінов онлайн режимде кездесе, «Астана – адалдық алаңы» жобасының жетекшісі, елорда әкімінің кеңесшісі, қалалық мәслихат депутаты Мирас Шекенов атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

25 мамырда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында Президенттің көмекшісі Тамара Дүйсеноваға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жұмысы таныстырылды. Іс-шараға агенттік төрағасы Алик Шпекбаев пен Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қатысты.

Бетті дайындаған Жадыра ШАМҰРАТОВА

## ТӘРТІП САҚТАМАҒАН НЫСАНДАР ЖАБЫЛДЫ

» Елордада карантин режимі жалғасуда. Адамдар көп жиналатын жерлерде, автобустарда, дүкендерде және басқа да үй-жайларда бетперде кию, қашықтықты сақтау, антисептиктерді пайдалану қажет. Әкімдіктің мобильді тобы полицейлермен және эпидемиологтармен бірлесіп күн сайын санитарлық нормалардың бұзылуын анықтау бойынша рейдтер жүргізеді.



Нұр-Сұлтан қаласында санитарлық нормаларды сақтамағаны үшін маусымның 1-3 аралығында 130-ға жуық мекеме жабылды, оның ішінде санитарлық нормаларды сақтамаған құрылыс компаниялары да бар.

3 маусымда мониторинг жүргізілген нысандар ішінде 150 кәсіпорын ескерту алды, бір бөлігіне айыппұл салынды, 52-сі жабылды. Олардың ішінде кафелер, мейрамханалар, барлар (кальян ұсыну бойынша қызметтер үшін), сұлулық салондары, автожуу және т. б. бар.

Ескеретін жағдай – санитарлық нормаларды сақтамағаны үшін жабылған мекемелер ескертулерді жойғаннан кейін қатаң санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтай отырып, өз жұмысын қайта бастай алады. Қатаң санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуын қамтамасыз етпейінше объектілер ашылмайды. Қатаң ережелер коронавирустың таралуына жол бермеу мақсатында қабылданды. Қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталмаған жағдайда, қала карантиннің бұрынғы қатаң режиміне қайтып келуге мәжбүр болады.

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУДА

» Қарулы Күштердің биологиялық қорғау бөлімшелерінің әскери қызметшілері Нұр-Сұлтандағы дезинфекциялық жұмыстардың екінші кезеңін бастады.

«Елорда ақпараттың» хабарлауынша, әскери қызметшілердің алғашқы тәуліктегі міндеті адамдар жаппай жиналатын орындар мен қала нысандарын өңдеу, сонымен қатар олар Тұңғыш Президент саябағы мен ботаникалық бақты өңдейді. Санитарлық өңдеу жұмыстары үшін жеке газсыздандыру жиынтықтары, дезин-

фекциялық ерітінділер бөлініп, APC-14 автокүю стансаларының қажетті саны және жеке құрамды тасымалдауға арналған автокөлік техникасы жұмылдырылды. Қалада 20 миллионнан астам шаршы метр дезинфекцияланды.

– COVID-19 таралуына жол бермеу үшін дезинфекциялық жұмыстар

жалғасуда. Сондай-ақ әскери қызметкерлер, Қорғаныс министрлігінің қызметкерлері де жұмылдырылған. Осының барлығы қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жасалып жатыр. Тұрғындарға карантиннің босаңсуына байланысты қоғамдық орындарға, саябақтар мен скверлерге баруға рұқсат етілген. Біз

осы орындарды мұқият дезинфекциялаймыз. Тұрғындарды барлық санитарлық ережелерді сақтауға шақырамын. Өзіңді қорғай отырып, басқаларды қорғайсыз, – деп атап өтті Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының орынбасары Алмаз Рысалиев.





@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

## ТАБИҒАТ ТАРЫҚСА, АДАМ ЗАРЫҒАР

» Қалаға да, далаға да, оны мекендеген адамға да күтім керек. Қарамасаң, бәрі қараң қалады. Соны білген, денсаулық қадірін жете түсінген ата-бабаларымыз ауыл, аула түгілі, ауаны да ластанбаған, табиғатты аялаған, көк шыққанға бір қуанып, мезгілсіз қуарғанға мұңайған. Табиғаттың тылсымын зерделеп, мал-жананы жайлысына жайғасқан, ыстық-суығына көнген. Еш қасарыспай, өздері оңтайланған, қолынан келсе үйлесімдікке ұмтылған. Қысқасы, қай заманда да, жылдың қай маусымында да характерсіз болмаған, туған табиғатқа қамқорлық танытқан.



Ал жаңа технологияларға бізден бұрын қол жеткізген Еуропа халқы экология десе, неге жандары қалмай шырылдайды? Дүниеде түпсіз, шексіз нәрсенің болмайтынына олардың көзі әлдеқашан жеткен. Сондықтан қоршаған ортаны аялауды адамгершіліктің жоғары сатысына балайды, тұрақты дамудың биік дәрежесі деп санайды. «Әуелі – экология, сонан соң – экономика» қағидатын ұстанған өркениетті

елдерде табиғатты сақтау, пайдалану заңдары өте қатаң әрі қастерлі. Озық отыз мемлекеттің қатарынан табылу мұраты мен уақыттың өзі біздің еліміздің де Экологиялық кодексін қайта қарап, заманға лайықты етуді талап етіп отыр. Жобасы Парламентте талқыланып жатқан кодекс бүгінгі күнге ғана емес, өткеніміз есепке алынып, алдағы көп жылдарға арналып әзірлену үстінде. Алайда заңды орындау

қоғамға, әрбір азаматқа құқығына қосымша абыройлы міндет жүктейтінін ұмытпауға тиіспіз.

Көкмайсасы (газоны) құлпырып жататын ағылшындардан мұның сырын сұрағанда: «Қиын түгі де жоқ, үш мың жыл осылай орып тұрсаңыз, дәл осындай болатынына кепілміз» дегенінде де бір сыр бар. Әрине, оның ішіне туған жерге деген жанашырлық, топыраққа тұқым себу, егу, суғару, күту, бағу – бәрі кіреді. Назар аудартаатын басты мәселе – әр адамның қоршаған ортаға деген өзгеше таным-түйсігі, өзгерген санасы, қалыптасқан ішкі мәдениеті болса керек. Ондай сезім ата-анадан балаға беріледі. Әлгі үш мың жылда алмасып жатқан ұрпақ таным, дәстүрі экологиядан да көріне бастайды. Олай болса, далада от жаққанда күлі көкке шашылмасын деп жерге көметін, ағын суды былғамайтын, басқа аң-құсты айтпағанның өзінде, құмырсқаның илеуін де бұзбайтын, ел қонған жерге ағаш егетін ата-баба дәстүрін біз неге ұмытуға тиіспіз? Үнемі елдің есінде жүретін, бұрынғылар айтып кеткен:

«Табиғат тарықса, адам зарығар»,  
«Тау бұлағымен көрікті, бұлақ



құрағымен көрікті»,  
«Таза ауа жанға дауа»,  
«Табиғаттың тәні – жер, қаны – су, жаны – күн»,  
«Жерін қорлаған азықсыз қалады»,  
«Өрісіне қарап мал өсер, өзеніне қарап тал өсер»,  
«Ағаш жапырағымен, жер топырағымен көрікті»,  
«Күн шықпай күл төкпе!»  
«Ағын судың арам жоқ» сияқты көптеген экологиялық мәні бар халықтың нақылдары мен қарапайым қағидаларын күнделікті өмірде неге ескере бермейміз? Біздіңше, мұндай тәрбиені отбасында, мектепте құлағына құйып өскен талапты жас қана қатарластарына өнеге көрсете алады. Мысалы, солардың қатарына эковолонтерлерді жатқызу ақылға сыйымды. Олардың ішінде топжарғаны – әлемде кең қолдауға ие қанағатшылық және «Zero waste» жобасын насихаттап жүрген елордалық мектеп оқушысы Аружан Сахариянова. Оның бастамасын қолдайтын құрбылары мен

құрдастары жер-жерден, ел-елден көптеп шығады деп үміттенеміз.

Ал еліміздің астанасында көгалдарды реттеп, қаланың көркін келтіріп жүрген мамандардың еңбегі сан мың Аружанның көз алдында өтіп жатыр деуге болады. Қаланың әр тұрғыны көгалдандыруға, тазалық пен тәртіпті сақтауға күн сайын атсалысса, бұған ағылшын шапалақ ұрып, француз таңдана-тындай түріміз бар. Біреумен жарысу міндет болмаса да, қоршаған ортаға деген мәдениетіміздің қалыптасқанын қоғамдастарымызға, бір қалада, көшеде, аулада тұратын көршілерімізге, таныстарымызға, достарымызға көрсетудің өзі мәртебе емес пе?

Кез келген орта қоғам ниетімен, парасатымен, қайырымымен, мейірімімен көркейеді.

Табиғат та адамнан жақсылық күтеді.

**Дархан МЫҢБАЙ,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Парламенті Мәжілісінің**  
**депутаты**

## ЖАҒАЖАЙЛАР НЕГЕ ЖАБЫҚ?



» Нұр-Сұлтанда маусымның алғашқы күндерінен-ақ ауа райы қатты ысып, аптап ыстық алқымнан алғанда, қала ішіндегі және қала төңірегіндегі жағажайларда карантинге қарамастан көптің қарасы көбейді. Елордалықтар суға шомылғысы келгенде Есілдің жағасын, өзен мен көлдерді, су қоймаларын жағалап кетеді. Бірақ осы суға түсетін орындардың жағдайы көңіл көншітпейді. Мәселен, кез келген жерге шомылу аса қауіпті.

Елорда бойынша 23 суға шомылу орны бар. Оның үшеуінде ғана заңды түрде суға түсуге рұқсат етілген. Атап айтсақ, орталық жағажай, «Три пескаря» және «Астаналық аула» жағажайлары. Аталған орындар эпидемиологиялық ахуалға байланысты әзірге жабық. Ал өзге 20 аймақта шомылуға болмайды. 1 маусымнан бері осы 20 орында суға түсемін деп 3 адам қайтыс болды. Екі бала құтқарушылардың арқасында ажалдан аман қалды. Жедел құтқару жа-

сағының орынбасары Ерлібек Қорғанбекұлының айтуынша, құтқарушылар күшейтілген кестеде жұмыс істегенмен, барлық аумақты назарда ұстау мүмкін емес. «Сенбі, жексенбі күндері күшейтілген тәртіппен жұмыс істейміз. Су айдыны аумағында орналасқан тұрғын үй алаптарына, демалыс аймақтары мен тыйым салынған суға шомылу орындарына бармау туралы қала тұрғындарына күн сайын түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Жұмыс барысында 11 адам



әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Демалушылар сақтық шараларын сақтауы тиіс» деді ол. Десе де, рұқсат етілген жағажайдың үшеуіне де баратындар саны көп. Сондықтан болар, жазды күні ине шаншар орын болмайды.

– Күн қатты ысығанда суға түскің келеді. Сондай кезде рұқсат етілмеген жерлерде шомылудан басқа амал жоқ. Менің ойымша, әкімдік сол шомылуға болмайтын орындарды жөнге келтіріп, заңдастырса дұрыс болар еді. Мұнда демалыс күндері келіп көріңіздерші. Адам өте көп болады. Жыл сайын солай. Судың тазалығы сақталмайды ғой ондайда. Адамдар арасындағы екі метр арақашықтық сақтау туралы айтпасақ та болады, – дейді Елорда тұрғыны Гүлжанат Амангелдиева.

Қайда шомыламыз? Бұған билік өкілдері биыл елордада қаланың 4 ауданы бойынша тегін коммуналдық жағажайлар ашу қарастырылуда екенін айтты. «3 ақылы жағажайдан бөлек, тегін 10 жағажай ашу жоспарда бар. Бір мезгілде 10 мыңға жуық тұрғын тыныға алады. Сонымен қатар, ақылы төртінші жағажайды ашу қарастырылып жатыр. Рұқсат етілмеген шомылу орындары 19-ға кемітіл болады. Алайда мұның барлығы елорданың бас санитарлық дәрігерінің қаулысы негізінде анықталды» деді Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Эльдор Әлімғазыұлы.

Суға шомылу кезінде сақтық шараларын ұмытпау керек. Адамдар арасындағы екі

метр арақашықтықты сақтап, бетперденің болуы міндеттеледі. Дене температураңыз артып, басыңыз ауырып тұрса, шомылудан бас тартқаныңыз дұрыс. Салқын суда көп жүзу де зиян, 10-15 минуттан артық шомылмаңыз. Себебі суық судың ағзаны шошындыруы, денені қатты тоңазытуы мүмкін. Ондайда аяқ-қолдың тартылып қалуы ғажап емес.

Тағы бір мәселе, рұқсат етілген жағажайларда шомылуға келетіндердің қарасы көп болғандықтан, ақысын да арзандатуды қалайды қала тұрғындары. «Жыл сайын отбасымызбен қаладағы орталық жағажайға жиі келеміз. Бағасы қалта көтермейді. Жағажайға кіру үшін біраз қаражат қажет. Карантин болса да, жазды жағажайда өткізіміз келеді. Шомылуға рұқсат берілгенін және ақылы жағажайлардың арзандатуын қалаймын» дейді елорда тұрғыны Зәуре Ортаева.

Шомылатын халық орта тазалығын сақтауды үйренуі қажет. Шомылу орындарына шыны ыдысты сусындарды, ит-мысық алып кіруге, ішімдік ішуге де тыйым салынады. Мас адамдарға, қасында қараушысы жоқ 16 жасқа етілмеген балалардың кіруіне рұқсат етілмейді. Алайда бұл талаптарды білгенмен, бейжай қарайтындар баршылық. Сондай-ақ өздерімен әкелген сусын, тамақтарының қалдықтарын, қоқыстарын беталды қалдырып кететіндердің саны азаймай отыр.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ,**  
**студент**





## БИЫЛ ҰБТ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

» Қазақстанда ұлттық бірыңғай тестілеу 20 маусым мен 5 шілде аралығында өтеді, оған еліміздегі 130 мыңнан астам түлек қатысады. Оның 111017-сі биылғы түлек болса, 20 мыңға жуығы – мектеп және колледждің бұрынғы түлегі. Биыл ҰБТ алғаш рет жаңа жағдайда өтеді: ең алдымен түлектер індетке байланысты енгізілген карантиннің қатаң талаптарын сақтауы тиіс. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов халыққа есеп беру кезінде ҰБТ-ны өткізудегі бірқатар өзгерістерге тоқталды.



Гүлжан АБАЙҚИЗИ

### ҰБТ-да калькуляторды қалай қолданады?

Биыл мектеп түлектері ҰБТ тапсырғанда калькулятор қолдана алады. Бірақ калькуляторды кіргізуге болмайды. Ұлттық тестілеу орталығы қарапайым калькуляторларды ҰБТ тапсыратын жерлерге әкеліп қояды. Тыйым салынған заттарды кіргізген жағдайда қатаң шара қолданылады. Сондай-ақ тестілеудің бейнежазбасы қаралады. Егер жазбада ереже бұзушылық анықталса да, қатаң шара қолданылады. Сондай-ақ тапсырманы орындауға берілетін уақыт ұзарды. Министр тағы бір сүйінші жаңалықпен қуантты. Енді колледж түлектері жоғары оқу орнына ақылы түрде ұқсас мамандыққа түсу үшін ҰБТ тапсырмайды.

«2019 жылдан бастап ҰБТ-ны бірнеше рет өткізу қаралды. Техникалық-кәсіптік білімі бар колледж түлектері университетке ұқсас мамандықтарға ақылы түрде тапсыратын кезде ҰБТ-дан босатылды. 2020 жылда халықаралық стандарттардағы SAT, ACT, IB тестілердің нәтижесін ҰБТ

балына ауыстыру шкаласын енгіземіз және одан әрі олар мемлекеттік гранттарға үміткер бола алады» деді ол.

### Өткізу базасы қайта қаралуда

Бұл дегеніміз – тест сұрақтарының мазмұнына өзгеріс енгізу. Бұл, әрине, өте маңызды. Сол себепті ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша электронды тестілеуге көшу мәселесі – басты орында.

«Ең маңызды мәселе – тест сұрақтарының мазмұнын өзгерту. Сұрақтар ақпаратты еске сақтау немесе қандай да бір фактіні, оқиғаны білу емес, сауаттылығын өлшеу, білімін пайдалана білу, сыни ойлай білу және талдауға байланысты болу керек. Қазір ҰБТ-ны өткізу бойынша база қайта қаралып жатыр. Сұрақтар тек функционалды сауаттылығына қатысты болу керек деген тапсырма түр» деді Асхат Аймағамбетов.

### Шәкіртақы өседі

Бұдан бұрын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы білім және ғылым жүйесін түбегейлі реформалау қа-

жеттігін айтып, педагогикалық мамандыққа түсу балын және шәкіртақыны 26 мыңнан 42000 теңгеге өсіру туралы нақты тапсырма берген болатын. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап, Президенттің тапсырмасына сәйкес, шәкіртақыны 42500 теңгеге дейін көтеру және педагогикалық мамандықтарға түсудің шекті балын 70-ке дейін ұлғайту көзделген.

### Қағазбастылықтан арыламыз

Қағазбастылыққа қарсы жаңашылдық. Енді биылдан бастап университетке құжаттар электронды түрде тапсырылады. Яғни мектеп түлектері университетке түсу үшін құжаттын онлайн және eGov электронды үкімет порталы арқылы тапсыруға мүмкіндіктері бар. Бұл таңертеңнен бастап кезекке тұру мен қағазбастылықты жоюға көмектеседі. Сонымен қоса, ҰБТ сертификаты және грант берілгені туралы куәліктің электронды нұсқасы болады.

### Биыл не өзгереді?

– ҰБТ 20 маусым мен 5 шілде аралығында өтеді;

– Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталды;

– ҰБТ 5 пән (3 міндетті және 2 бейіндік) бойынша қағаз жүзінде өткізіледі. Тест тапсырмаларының саны – 120. Ең жоғары балл – 140.

### Жаңашылдықтар:

– Тұлғаның бет-әлпетін тану көмегімен (Face ID) сәйкестендіру;

– Электрондық сертификат және білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік;

– SAT, ACT және IB халықаралық стандартталған тесттерінің балдарын ҰБТ балына аудару;


– Шектік балл жинамаған тұлғаларға ҰБТ-ны қайтадан тапсыру мүмкіндігі беріледі;

– Болашақ педагогтар үшін шектік балл – 70;

– ҰБТ барысында түсірілген бейнежазба сарапталды. Тест тапсырушылары тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда ҰБТ нәтижесі де, тағайындалған білім беру гранты да күшін жояды;

– ҰБТ тапсыру орындарында калькулятор беріледі;

– Тестілеу уақыты – 4 сағат.



**1 маусымнан бастап елордада 1-сыныпқа оқушылар құжатын қабылдау басталды. Құжатты ата-ана бұрынғыдай табанынан тозып жүріп тапсырмайды, үйде отырып интернеттің игілігіне жүгінеді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасының баспасөз хатшысы Алтынай Зарлық нақты сауалдарға жауап берді.**

### – Сыныпқа құжат қабылдау мерзімі туралы айтсаңыз.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш және орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне сәйкес құжаттарды қабылдау 1 маусымда басталды. Бірақ қазіргі уақытта бұл нормативтік актіге түзетулер енгізіліп жатқанын атап өту керек (келесі жылдан бастап 1-сынып оқушыларына құжаттарды қабылдау маусымнан емес, 1 сәуірден басталып, 1 тамызға дейін жалғасады).

### – Автоматтандыру қызметіне ата-аналар қалай қосылады?

– Балаларды 1-сыныпқа қабылдау сондай-ақ мектептен мектепке, сыныптан сыныпқа ауысу қызметі «Электронды үкімет» eGov.kz порталы арқылы автоматтандырылған. Бұл жүйе тұрғылықты жері бойынша да, қалауы бойынша да мектеп таңдауға мүмкіндік береді.

### – Порталға тіркеліп, құжат өткізу үшін не істеу керек?

– Ата-аналар eGov.kz порталының «Білім» бөліміне өтіп, «Орта білім», мектепті таңдап, қажетті құжаттармен бірге өтініш жібереді. Құжаттар пакетін тапсырғаннан кейін 15 минуттай күтеді. Баланың қабылданғаны туралы немесе өзге де дәлелді себептермен бас тарту туралы хабарлама ата-ананың «жеке кабинетіне» жіберіледі.

### – Ол үшін қандай құжаттар қажет?

– Бұл үшін ата-ана тек қана 4 құжат тапсыруы қажет – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі; «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3 форма; 063/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат; 3x4 көлеміндегі фото – екі дана. Мектептің қабылдау комиссиясы оқуға өтініш берген кезде басқа қосымша құжаттарды талап етпеуі тиіс.

### АТА-АНАНЫ АЛАНДАТҚАН САУАЛДАР

– Балаларымыздың қайда, кіммен жүргенін біліп отыру үшін қоңыраулы сағатқа рұқсат беріле ме?

– Әр мектеп оқушыларға қоңыраулы сағатқа рұқсат беру немесе бермеуді өздері шешеді. Мектептің жарғысында, сондай-ақ ішкі ережелерде ата-аналар мен оқушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Соған сай әрекет етеді.

– Мектептерде 1-сыныпқа оқушыларды дайындау тобы ұйымдастырыла ма?

– Биыл тамыз айында барлық елорда мектептерінде балаларды 1-сыныпқа дайындау үшін арнайы топ жұмыс істейді.



### – ҮЙДЕ ОТЫРҒАН АНАМЫН, ҚАЗІР БАЛАБАҚШАҒА БАЛАМДЫ АПАРА АЛАМЫН БА?

**Сұраққа Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің маманы Әсел Есболатқызы жауап береді:**

– Қазір елордадағы 95 балабақшаның барлығы да жұмыс істеп тұр. Барлығында кезекші топ жұмыс істейді. Оған алдымен жұмысбасты ата-аналардың балалары қабылданған болатын. Енді әр ата-ана қалауымен баласын қайтадан балабақшаға әкелуге қақы бар. Тек бір топта 15 баладан аспау керек.



# ТІЛГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ АЙҚАЙМЕН ЕМЕС, ІСПЕН КӨРСЕТІЛСЕ

» Жас келсе, іске деген сөздің жаны бар. Ал жастар, әсіресе мемлекеттік тілдің туының астына біріксе, алынбайтын қамал жоқ. Сондықтан «Мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты Нұр-Сұлтан қаласында Жастар форумын өткізсек» дейді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының атқарушы директоры Лариса АЛДАБЕРГЕНОВА бізбен сұхбатында.

– Күні кешеге дейін «Қазақ тілі» қоғамының жұмысы көлеңкеде қалды деп бірі жанашырлық білдірсе, бірі сынап жатты. Осыған қандай уәж айтар едіңіз?

– Біткен іске сыншы көп қой. Әңгімеміздің әлқиссасын уәжден емес, рұқсат болса аталған қоғамның мақсаты мен атқарған ауқымды істерінен бастасақ. Өйткені қоғамның Нұр-Сұлтан қалалық филиалының жүгін арқалаған бетте ең алдымен бұл ұйымның кешегісі мен бүгінгі жайлы ақпараттар мен деректер жинақтауға кірістім. Атап айтатын болсақ, қоғамның негізгі мақсаты – қазақ тілінің өрісін кеңейту, мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайту, ел өмірінің бар саласында толыққанды қызмет етуіне қолдау көрсету болады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қоғам бірнеше бағытта жұмыс жүргізеді.

Бірінші бағыты – елдің санасын ояту. Осы бағыт аясында қоғам аз ғана уақыт ішінде республиканың бүкіл аумағын қамтыды. Еліміздің бүкіл облыс орталықтары мен қалаларында, аудандарында өзінің филиалдар желісін құрды. Мыңдаған бастауыш ұйымдары, ірі-ірі кәсіпорындарда біріккен комитеттері ашылды. Бұлардың барлығы ұлттық рухтан қуат алған елшіл азаматтардың өз ынта-жігерімен, қолдап-қуаттауымен жүзеге асып отырған.

Сонымен бірге ұлттық санаға қозғау салар қуатты қару – баспасөз ашуға көңіл бөлінді. Республикалық «Ана тілі» газеті ашылып, ол 100 мыңнан астам таралыммен тараған. Бұдан бөлек, «Қазақ тілі» қоғамының өңірлік ұйымдары тарапынан үлкенді-кішілі 30-ға жуық газет-журнал жарық көрді.

Қоғам жанынан «Тіл тағлымы» халықтық университеті құрылып, оның аясында елімізге белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, интеллектуал тұлғалар ұлттық рух, тіл, тарих, діл жайында көпшілікке арнап ақысыз дәрістер оқып отырған.

Қоғам тек ел ішімен ғана шектелмей, шетелдегі қазақтармен де тығыз қарым-



қатынас орнатып, сырттағы қандастар арасында да өз бөлімшелерін ұйымдастырады. Соның арқасында дүние жүзіндегі қандастарымыздың тұңғыш құрылтайының өтуіне, Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының ашылуына ұйытқы болады. Қамту аумағы мен кеңістігінің ауқымына орай халықаралық мәртебеге ие болады.

Екінші бағыты – тілдік инфрақұрылым қалыптастыру. Қоғам ендігі жерде мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тілімізге мемлекеттік қамқорлық қажеттігін тұрақты көтеріп, осы мәселемен арнайы айналысатын ресми орган – Тіл комитетінің құрылуына қол жеткізеді. Соның нәтижесінде бүкіл облыстар мен қалалардағы әкімдіктерде ресми тіл басқармалары, тіл бөлімдері құрылды. Барша ұйымдарда аудармашылар институты пайда болды. Тілдің қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Қазақ балабақшалары мен мектептерінің саны артты. Міне, кезінде осындай қарқынды жұмыс жасап, ұлт мүддесі жолында ұйысқан «Қазақ тілі» қоғамының бүгінгі тағдыры кезінде өзі ашуға мұрындық болған Тіл комитеті мен Тіл басқармаларына сондай-ақ, жергілікті әкімдіктерге тікелей байланысты дер едім.

– Сонда «Қазақ тілі» қоғамының ендігі тағдыры әкімдіктің қолында ма? Бұлай деуіңізге не себеп?

– Себебі қоғамның филиалдары кез келген облыста бар. Жұмыс істейміз деп, әкімдікке барса тіл басқармасына, тіл басқармасына барса, әкімдікке сілтемей немесе қоғамдық ұйым ғой деп немқұрайлы қарамай «брендке айналып үлгерген» Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жұмысын күшейтуге атсалысуымыз керек. Соның ішінде БАҚ өкілдері, қоғам сұрағын біртүрлі қысыламын. (күліп) 2018 жылы қоғамның Астана филиалының құжаттары қолыма тапсырылғалы бері, жарғақ құлағым жастыққа тимей жүгірумен келемін. Осы әрекеттерім барысында талай жаспен де, жасамыспен де кездестім. Бірі бағытың дұрыс десе, енді бірі әсіресе жастар мемлекеттен қолдау болып, қаржы бөлінбесе өздерінің беталды жүгіріп жұмыс істемейтіндіктерін ашық айтты. Ең бастысы, биыл өзімнің бұл қоғамнан тыс атқарып отыр-

ған кәсібimde жинақтаған тәжірибелеріме сүйене отырып, жан-жақты ізденіп қала әкімдігінің бірер жобасына қатыстық.

– Лариса, сіз бұл қоғамға қалай келдіңіз? Сондай-ақ әңгімемізге арқау болып отырған филиал құрамында кімдер бар?

– Бұл қоғамға келуімді мен Астанаға келген жылдарыммен байланыстырамын. Жалпы Астанаға, «Нұр Отан» ХДП Жамбыл облыстық филиалында қызмет атқарып жүріп, «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деп жазған кішкентай бір мақаламмен келіп едім. Ол әрине, ұзақ әңгіме... Айтатын дегенім, Астанада магистратура оқып жүріп «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде даму тарихы» атты диссертациялық жұмыс қорғадым. Содан бері менде қазақ тілінің тағдыры жолындағы істерге бейжай қарай алмайтын дағды қалыптасты. Осы диссертациялық жұмыс барысында қалада бір кездері саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері Берік Әбдіғалиұлының идеясымен ашылған «Қазақ тілі мен әдебиеті қауымдастығы кооперативтік қорында да» біраз тер төктім. Соны байқаған Берік ағамыз, 2018 жылдың қазан айында менің қолыма Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Нұр-Сұлтан қалалық филиалы-

ның жұмысын тапсырды. Берік Әбдіғалиұлындай ел ағасының сенімін ақтау жолында кей жағдайларда қиналсам да (офис жоқ, т.б.) қиыннан қиылыстырып әрекет етумен келемін. Осы тұста ерекше атап өтетін айында филиалымызға жан кіріп, толығын Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Берік Әбдіғалиұлы төраға орынбасарлығына «Elorda Aqparat» ЖШС басшысы Жарқын Түсіпбекұлын сайлап, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің қабылдауына кіріп қоғам жұмысына қолдау білдіруге

– Әрине, болмайды. Жалпы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының өмірге келуіне халқымыздың азаттыққа ұмтылған рухы, тәуелсіздікті көкसेген ой-арманы түрткі болғаны көпшілікке аян. Әйгілі 1986 жылғы қазақ жастарының желтоқсан көтерілісі осынау халықтық қозғалысқа алғышарт жасады. Соның арқасында 1989 жылы сол кездегі ел астанасы – Алматы қаласында белгілі тілші-ғалым, академик Әбдуәли Қайдардың бастамасымен, жалпы жұртшылықтың қолдауымен және қайраткер тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қамқорлығымен республикалық «Қазақ тілі» қоғамы (Қоғам) құрылады. Бірінші Құрылтайда Академик Ә.Қайдар осы қоғамның президенті, ал академик Өмірзақ Айтбайұлы вице-президенті болып сайланады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебе алғанына былтыр 30 жыл толуы қарсаңында бізге филиал төрағасы жан-жақты тапсырма берді. Мәселен, «Осыдан 30 жыл бұрын Нұр-Сұлтан айналасында (Целиноград кезінде) қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі үшін күресіп, қызметінен кеткен т.б. тіл жанашырларын іздеп табыңдар, сондай азаматтарды қала әкімінің марапатына ұсынайық» деген болатын. Содан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, бір кездері облыстық «Тіл және мәдениет» қоғамының құрылуына ұйытқы болған Алдан Смайыл, ҚР дипломатиясына еңбек сіңірген қайраткер, профессор Сайлау Батыршаұлы сияқты елжанды ағалармен сұхбаттастым. Ендеше осындай таутұлғаларымыздың төккен терін, жұмысын жоққа шығарып емес, керісінше тәжірибесін бүгінге лайықтап қолдануымыз қажет. Өйткені мемлекеттік тілдің беделін көтеріп, оны қазіргі заманғы ғылыми-техникалық өркениет тіліне айналдыру баршаңыздың аса мұңызы міндетіміз деп білетін Алдан Смайыл ағамыз 1990 жылы Целиноград қаласында облыстық «Тіл және мәдениет» қоғамының құрылуына ұйытқы болды және оның төрағалығына сайланды. Қоғам осы тектес ұйымдардың республикадағы алғашқы қарлығашы еді. Бір кездері орыстанып кеткен Ақмола облысын қазақыландыруға бар күш-жігерін, абырой-беделін салды. Есіңізде шығар, «Мемлекеттік тіл ақпараттандыру тіліне айналуы тиіс» деп Үкіметке депутаттық сауал жолдаған алғашқылардың бірі. Сонда қазақ тіліне қатысты бірқатар міндеттерді атап көрсеткен еді. Өкінішке қарай, оған да 10 жылдан асты. Бәрі баяу орындалуда. Алайда рухани тазалық жолында күресуіміз керек деген тіл, ұлт жанашырының

– «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының құрылуына да биыл 30 жылдан асты. Осы жылдар ішінде талай мәрте сынға да ілікті. Десек те, қоғам құрамында осы кезге дейін жанкешті еңбек еткен аға буынның жұмысын жоққа шығаруға бола ма?

– «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының құрылуына да биыл 30 жылдан асты. Осы жылдар ішінде талай мәрте сынға да ілікті. Десек те, қоғам құрамында осы кезге дейін жанкешті еңбек еткен аға буынның жұмысын жоққа шығаруға бола ма?



тәжірибелерін неге пайдаланбасқа?

– Шыны керек, еліміздегі тіл басқармаларының жұмыс көбіне байқаулар өткізіп, алғыс хат беруден аспай жататын сияқты. Одан да құнды, салмақты істер қашан, қалай қолға алыну керек деп ойлайсыз?

– Меніңше қашан, қалай

мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты Нұр-Сұлтан қаласында Жастар форумын өткізсек деп талпынған болатынбыз. Жастар форумы өткен жағдайда: қазақ тілінің бүгінгі мен ертеңі, мемлекеттік тіл ретіндегі қолдану аясын кеңейтудің стратегиялық бағыттарын талқылап Нұр-Сұлтан қаласы деңгейіндегі шешімдерін

@qazaqtılı\_qogamy парақшасы өз жұмысын бастады. Аталған парақша арқылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының да халыққа қазақ тіліне деген мотивация сыйлай алатын сұхбаттар жасап, маңызы бар мәселелер көтеріп, түбірі бар тетіктер ұсынып, түрлі шаралар ұйымдастырсақ деген жоспарымыз жасалды.

жүгіне отырып, Лондондағы «Еуропа қазақтары», Бельгиядағы «Шаңырақ» қоғамы сынды бірқатар қоғамдық ұйымдардың басшыларымен бірлесе жұмыстар жүргізудің нәтижесінде қазақ тілін латын графикасы және ағылшын тілі арқылы үйретудің жаңа жобаларын (youtube және онлайн платформа негізінде) әзірлеп шықтық.

– Қоғамның мақсатты жоспарларының ішінде тілдікті, бірлікті, ізгілікті, қайырымдылықты насихаттау қаншалықты жолға қойылған?

– Аталған игі істер – қоғам мақсатымен егіз. Біздің қалада бастап отырған алғашқы жобамыз тіл тақырыбында емес, қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен «Интернатан кейінгі және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды бейімдеу және қолдау» жобасы арқылы осы қайырымды істерден бастау алып тұр. Біз сондай-ақ мынаны ұғына бастадық, Мемлекеттік тілдің мәртебесін арнайы бір топты жасақтап алып, «тіл-тіл» деп ұрандатпай-ақ, әлеуметтік жобалар арқылы да тіл тағдырын шешудің жолдары бар екенін. Яғни, оны таяуда қолымызға алған «Интернаттан кейінгі және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды бейімдеу және қолдау» жобасы барысында көз жеткізе бастадық. Мәселен, аталған статустағы балалардың дені өзге ұлт өкілдерінің немесе балалар үйінде тәрбиеленген қазақ баласының өзі орыс тілді екенін ескере отырып, саналы түрде сауалнамаларды тек қана қазақ тілінде ұсындық. Қажеттілік адамға қашанда талпыныс сыйлайды емес пе, біз осы сауалнаманы ешқандай артық сөзге бармай қазақ тілінде толтырып жатқандығын байқап отырмыз. Әрбір мекеме соның ішінде банк, ХҚКО сынды халықтың күнделікті қажеттілігі туындайтын мекемелерде де дәл осы үлгі қатаң қолға алынса...

– Тілдің шұбарлануы – ұлтқа төнген қауіп. Бұл сөзді айтып келе жатқанымызға қанша жыл болды? Бірақ тіл шұбарлауды бәрібір қоймай жатырмыз. Бұл заңмен ғана реттелетін дүние ме? Қоғамның осы бағыттағы жоспарын айтсаңыз.

– Өзіңіз жақсы білесіз, елімізде «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына биыл 30 жылдан асса да, мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейтіліп, дамытылуына байланысты толғақты мәселелер күн тәртібінен түспей келеді. Салада қаншама қыруар іс атқарылғанымен, қоғамда ана тіліміз экономика тіліне ауыса алмауда деген көзқарас қалыптасып отыр.

Ал шын мәнінде қазақ тілі экономикалық тіл деңгейінде тұтынуға жарамай отырған жоқ, жарата алмай, ұқсата алмай отырмыз. Былайша айтқанда, жібекті түте алмай жүн еткеннің кері. Осы орайда тіл білімінің алғы шебінде жүрген, әлемдік тәжірибеге сүйене білетін көрнекті тіл мамандарының атсалысуымен қайта қарап, сүзгіден өткізе отырып, латыннегізді қазақша-ағылшынша, қазақша-қытайша сынды т.б. сөздіктер көптомдығын, онлайн платформаларын жарыққа шығарудың мезгілі пісіп-жетілді деген пікірдемиз.

Елімізде латыннегізді қазақ әліпбиінің енгізілуі жайы да ойлантады. Осы орайда республикалық «Қазақ ұстазы» журналының Бас редакторы ретінде Лондон қаласында 2015 жылғы 25 желтоқсанда Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып өткізілген Еуропа жастарының конференциясына қатысып, бұл кезек күттірмейтін мәселе екенін зерделеп қайтқан болатынымын. Содан бергі уақыт ішінде тіл мамандарымен кеңесіп, әлемдік деңгейдегі тіл үйрету әдістемелеріне

Әңгімеңізге рахмет!  
Сұқбаттасқан  
Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

ГИБРАТ

# ӘЛСІЗДІК ПЕН ӘЛІМЖЕТТІЛІК

» Бір қарындасымыз жоғары оқу орнын жаңа бітірген баласын әскерден қалай алып қалсам екен деп уайымдап жүргенін айтты.

– Жалғыз ұлдың бейбіт заманда жарымжан болып қалғанын қаламаймын. Қазір әскерде болып жатқан неше түрлі сұмдықты естігенде төбе шашың тік тұрады. Біз баламызды әскерге жібермейтін болып шештік...

Бүгінде осындай ойлайтын жандар айналамызда аз емес. Оған негіз де жоқ емес. Бү-

гінсек, «Бауырыңның жүзіне қарап күлімдегенің де садақаға жатады», «Танығанға да, танымағанға да күлімдеп амандас», «Адамдар арасында есендік пен бейбітшілікті, сәлем беруді, амандасуды жайыңдар», «Бауырының бір қажетін өтеген адамның Алла о дүниеде қажеттіліктерін өтейді» деп үйретеді




рынғы кеңес заманында өзге ұлттың жігіттерімен жұдырықтасып, өз ұлтының намысын бірге жыртатын сарбаздарымыз енді өз қазағының қолынан мерт болып жатыр. Тіпті, әскерден босауына бір ай қалған жігіттер темір табытпен оралғанын көргенде, расында да бауыр етің балаңды қанша қастерлі дегенмен, Отан қорғауға жіберуге жүрексіне бастайсың. Әскердегі әлімжеттік, кейін студент болғанда, жатақханадағы жанжалдарға жалғасады. Басқасын былай қойғанда, мектептегі бозөкпе қыздар мен бозбалалар да мәселені жұдырықпен шешетін болып алды. Бұл сонда неғылған қатыгездік деп еріксіз жағаңды ұстайсың. Кінәні тағы да сол тәрбиедегі келеңсіздікке аударып, астарына үңілгіміз келмейді. Қазақтың қазаққа қастығының, әлі жеткеннің әлсізді аямауының бір төркіні рухани азып, діліміздің орыстануында жатқан сияқты.

Сана уланғанда құндылықтардың әдіре қалатын әдеті. Әйтпесе, ата салтымыз бен асыл дініміз әдемі үйлесім тапқан. Шариятқа жү-

хадистер. Мұның бәрі әр қазақы отбасында үнемі айтылып отыратын ұлағаттар емес пе?! Кезінде Каирдегі мешіт әрі әйгілі әл-Әзһар университетін басқарған, қазіргі заманғы көрнекті дін ғұламаларының бірі Мұхамед Абдухтың Еуропаға барғанда олардың көшеде күлімсіреп жүретінін, адасқаныңды айтсаң, жөн сілтеуге дайын тұратын елгезектігін байқап: «Еуропада мен исламды көрдім, алайда мұсылмандарды кездестіре алмадым, ал бізде мұсылмандарды көрдім, бірақ исламды таба алмадым» деген екен үлкен өкінішпен.

Әдетте, бүкіл арсыздық пен азғындықтың бастауындай болып көрінетін Батыстың өзінен Исламды байқай білген ғұламаның мұсылманы қалың өз еліндегілерден түңілгендей болғаны – біз үшін де таныс, тіпті үйреншікті жәйт. Бізде де мұсылман көп болғанымен, нағыз момын, яғни иманы бүтіндер аз. Ал иман әлсіреген жерде әлімжеттік басталарын күнде көріп жүрміз.

Қонақбай САТТАРОВ,  
ақын-публицист



деп ойланып отыруға уақыт жоқ секілді. Тіл басқармалары, тіл орталықтары оның ішінде біз де бармыз, тілін әлемдік деңгейге көтерген шетелдердің методикасына «дұрыстап» мән беру керек. Осы тұста өзімнен бастасам, филиал төрағасының «экссклюзив жобалар жазыңдар» деген тапсырмасымен атқарушы директор ретінде еліміздегі мықтылықты тіл мамандары мен эксперттердің кеңесіне жүгініп көрдім.

Әрине, ол кісілер жарқ-жүрк етіп жиі көзге түсіп жүргендер емес, тіл саласында өзіндік практикасы бар, айтары бар мәселені қазақ тілінің онлайн платформасын қалыптастыратын сайттардан бастап, бізде әлі жоқ ютуб каналдарының құрылымын жасауды ұсынған сауатты хәм жауапты тіл мамандары мен эксперттер. Алайда бұл ұсыныстардың бәрі қыруар қаржыға келіп тіреледі. 30 жылдан бері тіл саласына бөлініп жатқан қаржы жоқ емес, бар. Алдағы уақытта ең бірінші біз астаналықтар көш бастап жоғарыда тоқталған әдістер арқылы қазақ тілінің қолданыстағы аясын кеңейтуге бастамашы болсақ деген тілек бар. Ол үшін тек Тіл басқармасы емес, қала әкімдігі қатаң бақылауға алып, Ішкі саясат басқармасы, Білім басқармасы, Жастар саясаты мәселелері басқармасы сынды басқармалармен жұмыла кіріссек алынбайтын асу жоқ.

– Жақында Халықаралық Қазақ тілі қоғамының вице-президенті Құсман Шалабаев бір сұқбатында «Ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» дей келіп, қоғам жұмысын жастар қолға алу керек деді. Ұлтын, тілін қадірлейтін жас ретінде ендігі жұмысты қалай жалғастырмақшысыздар?

– Жас ретінде демекші, өткен жастар жылында

ұсыну;

Жастар арасында қазақ тілінің дамуына жастарды жұмылдыру, оның ішінде танымал фильмдерді қазақ тілінде сапалы дыбыстау, қазақ тіліндегі және әлемдік деңгейдегі әйгілі кітаптардың қазақ тіліндегі нұсқаларын дәріптеу, компьютерлік ойындар мен мобильді қосымшалардың қазақ тіліндегі нұсқаларын жандандыру сияқты амалдардың «нақты» қадамдарын жасау; тіл мамандары мен ғалымдармен бірлесіп, Нұр-Сұлтан қаласы аумағындағы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі даму жолы туралы зерттеу жұмысын әзірлеу секілді ауқымды істерді қолға аламыз деп жоспарлаған едік.

Өкінішке қарай, келесі жылға яғни, биылға қалдырылды. Биыл өне-міне деп жатқанда әлемді әбгерге салған пандемия басталып әлекпіз. Дей тұрғанмен, жоғарыда аталған басқармалармен бірлесіп мемлекеттік тілдің стратегиялық жоспарын жасар болсақ, алдымен осы Жастар форумынан бастаған жөн болатын тәрізді. Олай дейтінім, өзіңіз тілге тиек еткен Құсман Шалабаев ағамыз да жастарды ұсынып отыр емес пе?! Сондай-ақ биылғы Абай атамыздың 175 жылдығына орай да біраз идеялар жүр қоржынымызда. Елдегі жағдайға орай оны онлайн жүзеге асырудың да жолын қарастырып қойдық. Әрине, оны қолдап тыңдайтын құлақ, көретін көз болса ғылымға мұқтаж еліміз үшін аса бір ауқымды жоба дер едім.

– Қалалық Қазақ тілі қоғамының бүгінгі жаңа лебін естіп қуанып отырмыз, осы жаңалықтардың қатарында әлеуметтік желіні жандандыру ойларыңызда бар ма? Себебі қазір оқырман да, көрермен де әлеуметтік желіден көз жазбайтыны белгілі.

– Иә, ол іс қолға алынды.



Азамат  
ЕСЕНЖОЛ

**Ш**ын мәнінде ұлт руханиятында телевидениенің алатын орны бөлек. Былайша айтқанда, ол – идеология. Өйткені сол теледидардан көрген әр дүние біздің санамызға судай сіңіп жатыр. Сондықтан оған бей-жай қарай алмайсыз. Режиссер осы салада қордаланып қалған мәселеге тереңірек тоқталып, тарқатады.

– Бүгінгі күнде саны бар, сапасы жоқ телеарналар қаптап кетті. Осы мына карантин басталғалы қарап отырсам, қойылған киноларымыз бар, музыкалық бағдарламалар, әзіл-сықақтардың барлығын қарап отырып менің көзім жеткені, Қазақ арналары ең алдымен музыкалық жеңіл-желпіге құрылған арна болса, одан кейін «әзіл-сықақ» бағдарламаларға құрылған дүние екен. Өкінішке қарай, осы 2 айдың ішінде мен бірде-бір каналдан терең, тарихи мағлұмат алатын, адамның санасына да, жүрегіне де тиетін ғылыми болмаса бала-шағамен ұялмай еркін көретін бірде-бір арна таппадым, – дейді ол.

Бұған Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев хат иесіне ортақ іске алаңдаушылық танытқанына алғысын айта отырып жауап береді.

Қазір «рейтинг» деген сөзді жиі айтамыз. Ұлттық арнада «Келбет», «Сөнбес сәуле» деген ел ардақтылары ұлықтаған бағдарлама болып еді. Соны қызығып көруші едік. Кейін осы бағдарлама «рейтинг» болмағаннан кейін жабылып қалды деп естідік. Режиссер қазіргі телевидениенің өзекті проблемасының бірі «рейтинг» мәселесіне де тоқталады. Бұл жайында ол рейтингтің халыққа емес жарнама беретін жекеменшік компаниялар мен телеарналардың басшыларына қажет екендігін айтады. Ұлтқа қызмет ету бір басқа, рейтинг жинау бір басқа деп күйінеді.

Дәурен Әскербекұлы рейтинг мәселесіне байланысты қоғамда екіұдай пікір бар екенін айтып, қазір көрерменнің қолында пульт бар, қандай бағдарлама тартымды болса, соған ауыса салатынын мысалға келтіреді.

– Барлығы көрерменнің талғамы мен қызығушылығына байланысты. Әзіл-сықақ, музыка, тағы да басқа хабарлардың да өз аудиториясы бар. Елімізде 2017 жылдан бастап цифрлық телевидениеге көшу басталғанын білесіз. Оны 2022 жылға дейін бітіруді жоспарлап отырмыз. Соның нәтижесінде шалғай ауылдардағы ағайын қазіргідей 2-3 емес, ең кемінде 15 телеарна көретін болады. Яғни нағыз бәсеке сол кезде туындайды. Басқаша айтқанда, қоғам тынысын дөп



# ЖҮРЕКТІ ТЕРБЕЙТІН ДҮНИЕЛЕР КӨБЕЙСЕ...

» Жақында Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, белгілі театр және кино режиссері Талғат Теменовтің әлеуметтік желіде жуырда ғана тағайындалған Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваға «Абайға емес, Аидаға хат жаздым» деген ой-толғанысы жарияланды. Бұл хат оқырмандар арасында біраз пікір туғызды. Сондықтан танымал тұлғаның телевидение саласындағы өзекті мәселелерді қозғап, оны жан шырылымен жеткізуі түсінікті. Бұл хатқа қазіргі Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары, оған дейін Ақпарат және қоғамдық даму министрі болған Дәурен Абаев жауап беріпті. Екеуінің де мақсат-мүддесі бір – елге, руханиятқа қызмет ету. Сондықтан жанашырлықпен жазылған дүниені жылы қабылдап, екі азаматтың ой-пікірін газетке ықшамдап беріп отырмыз.

басып, көпшілікке ұнаған бағдарламалар жалғаса береді, көшке ілесе алмағаны қалады. Әрине, отандық арналар сапалы контент ұсынуы керек. Бұл – даусыз. Бірақ контент әртүрлі болуға тиіс, – деп ойын білдірген.

Сонымен бірге Талғат Теменов телеарнада күн сайын көрсететін кинолар туралы, оның ішіндегі түрік, үнді, кәріс фильмдері жайында айта келіп: «Телеарна басшылары Еуропа мен Американың ең озық фильмдерін сатып алып көрсетуге келгенде қаржы аяйды, өйткені түріктің, кәрістің, үндінің арзан киноларын прокаттау әлдеқайда оңай әрі жеңіл. Енді мұның артында қандай «батпан құйрықтың» жатқанын бағамдап көрейік. Үнді фильмдеріне біздің жастарымыз тез ұйиды. Осы карантин кезінде мен тікелей эфирде онлайн сұхбат бердім. Сондағы маған көпшіліктің сұрақтарының ішіндегі бірнеше қайтара қойғаны Қазақстан теле-



Дәурен АБАЕВ,  
Президент Әкімшілігі  
басшысының бірінші  
орынбасары:

– Десе де, төл телевидениеміздің 60 жылдан астам тарихында оның шын түлеп, дамыған тұсы егемендік алғаннан кейінгі кезең екеніне ешкімнің дауы жоқ. Мұны мойындау керек. Өзіңізге мәлім, Кеңес уақытында тұтас қазақ тілінде хабар тарататын телеарна түгілі, ана тіліміздегі қарапайым бағдарламаның өзі саусақпен санарлық еді. Ақпарат алудың балама көздері болмаған соң жұртшылық бар-жоғы екі – оның біреуі Мәскеуден тарайтын телеарнаны көруге мәжбүр болатын. Әр қадамды аңдап басатын сол заманда ұлт болашағына алаңдаған зиялылар да аз емес еді. Дегенмен, ел ағалары ақылдаса келе, жалғыз телеарнаның жауапкершілігін Шер-ағаға сеніп тапсырды. Жалғыз ұлы бар ата-ана баласын қалай аяласа, бүкіл зиялы қауым да жалғыз телеарнаны солай үкілеп, мазмұнының мүлтіксіз болуына атсалысты. Оған елдің әр түкпірінен тек кәсіби мамандар таңдап алынды. Ал қазір, шүкір, мемлекеттік телеарналармен бірге жекеменшік арналар да көптеп ашылды. Журналистердің де саны артты. Осы қалың ақпарат нөпірінің ішінде кейде қателік болмай тұрмайтыны да белгілі. Бірақ осындай көптің арасынан шын жүйріктер міндетті түрде суырылып шығады. Яғни саннан сапа туады. Бұл – заңдылық.

арнасындағы мен түсірген «Судағы із» сериалын неге көрсетпеді деді. Мен осы мәселе бойынша «Қазақстан» арнасының басшыларына телефон соғып олар «Судағы ізді» қарашада көрсеттік, екіншіден сол киноны көрсеткенде біздің рейтинг түсіп кетті» дейді.

Бұл жайында Д.Абаев кино түсіру жанкешті еңбек пен үлкен қаржы қажет ететін ұзақ процесс екенін жеткізіп, тәуелсіздік дәуірінде бұл салаға біраз көңіл бөлініп, соның нәтижесінде едәуір дүниелер жасалғанын тілге тиек етеді.

– Кезінде жылына 1-2 фильм шыққанын жетістік санасақ, қазір ондаған фильм мен сериал шығып жатқанына таңғалмаймыз. Бұған қуану керек деп санаймын. Жазбаңызда айтылған «Сүлеймен Сұлтан» сериалы да тосыннан түсірілген туынды емес. Көп жылдар бойы бәсекеңіз қазанында қайнап, кәсібиліктің көрігінде қызған дүние. Сол үшін де танымал. Бұйырса, біз де ол деңгейге жетеміз,



**Алайда тарихтан алған тағылым – біздің жалғыз-ақ ұлттық идеологиямыз бар. Ол – Отанды сүю, Тәуелсіздікті сақтау, қоғамды сапалық тұрғыдан дамыту үшін тынымсыз еңбек ету! Сонда ғана мемлекет өркендейді» деп ой қорытады**

тіпті асып түсеміз деп сендіргім келеді. Ал жазбада көрсетілген «Судағы із» телехикаясына, оның сапасы мен сериалдар санына қатысты телеарнамен араңызда туындаған дау өзіңізге аян. Бұл сериалды «Қазақстан» арнасы 4 рет көрсеткен, – дейді.

Сонымен бірге Дәурен Әскербекұлы режиссердің жазбасындағы жиырмадан аса рет қайталанған «идеология» түсінігі қазір таза күйінде Солтүстік Кореяда сақталғандығын жеткізе келіп: «Басқа елдердің өзіне тән идеологиясы бар. Біздің халық та түрлі идеологияның куәсі болды. Біреуін ұстанды (коммунизм), екінші біреуіне қарсы күресті (фашизм). Алайда тарихтан алған тағылым – біздің жалғыз-ақ ұлттық идеологиямыз бар. Ол – Отанды сүю, Тәуелсіздікті сақтау, қоғамды сапалық тұрғыдан дамыту үшін тынымсыз еңбек ету! Сонда ғана мемлекет өркендейді» деп ой қорытады.

Айтпақшы, кеше Талғат Теменов әлеуметтік желіде Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаевтың берген жауабына ризашылығын білдіріп: «Билікте отырған мемлекет қызметкерінің творчество адамына арнаған хаты – бұл үлкен жақсылықтың нышаны. Көктемде келген алғашқы қарлығашты көргендей қуанып қалдым. Сіз маған «пульт» туралы жақсы айттыңыз. Дұрыс делік. Бірақ менікі қолдағы пульт – жолдағы пульт болмаса екен, сол пульт санада, жүректе, тәрбиеде болса екен деймін. Және сол пультті басарда, өзім сүйетін, асыға тосатын біздің каналдарда ұлттық сананы қозғайтын, жүректі тербейтін, тәрбиелі дүние болса екен деген тілек болатын» деп жазыпты.

Иә, біз де мұны жақсылыққа жорып, қуандық. Өйткені көпшіліктің көкейінде жүрген мәселені зиялы азаматтардың осылай ашық айтып, ортаға салып, пікірлескенін парасаттылықтың белгісі деп таныдық.



Ұлытау – барша көшпелілердің жүрегі, алтын ұясы. «Ұлытау» ұғымының ұлылығы мен ұлағатында тегелей сыр, теңдесі жоқ терең мағына бар. «Ұлытау» атауын бағзы кісілер бұл таудың тым көне болғандығы үшін берген болуы мүмкін деген халық арасында әфсана бар.

Ұлытау – атауы айтып тұрғандай, «Ұлы Даланың Ұлы тауы». Көне дәуірден бері келе жатқан түркілердің мекені. Кезінде тарихтың атасы Геродот Ұлытау тауларын сақ таулары деп атаған.

«Тарихи аңыздарға сенсек, Нұр Пайғамбардың кезінде дүниені су қаптады. Бірнеше күн өткенде мұхит қайта бастайды. Сол кезде әлемде 3 жер көрініпті. Соның бірі Ұлытаудың төбесі екен. Бұл аңызды Қаныш Сәтпаев жазып алып, еңбектерінде қолданған.

Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде қазақ халқы үшін Ұлытаудың тарихи мәні мен киелілігін, сондай-ақ бұл қасиетті мекеннің этнографиялық, зияраттық және экологиялық туризмді дамыту үшін зор әлеуеті бар екенін атап өткен.

«Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз. Еліміздің осындай баға жетпес бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын ойластыруымыз керек. Мысалы, Моңғолия Шыңғыс хан тұлғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр. Ал Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени турнысанына айналдыру – өте маңызды міндет. Ұлытау – халық-



# ҰЛЫТАУЛАР ҰЛАҒАТЫ

аралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс» деген Мемлекет басшысы.

Ұлытаудың түркі әлемінде алар орны ерекше дейміз, бірақ біз Ұлытаудың ұлылығын толыққанды танытып жүрміз бе? Бүкіл түркі жұрты арасында өз деңгейінде насихаттай алып жүрміз бе?

Кез келген елге барған адам ең алдымен тарихын, мәдениетін, салт-санасын білгісі келеді. Ал егер ол елдің тарихында ұлы тарихи оқиғалар, тарихи, археологиялық ескерткіштер болса, туристердің сол жерлерді көруге деген қызығушылық екі есе артады.

Осы орайда, талай ұлы тарихи оқиғаларға куә, тарихи-мәдени маңызы зор, шоқтығы биігі, Жошы хан және Алаша хан, Аяққамыр, Домбауыл, Болған ана, Құлан ана, Жансейіт, «Хан Ордасы» кесенелері, Қойлыбай әулие, Едіге, Тоқтамыс қорымдары, Байқоңыр, Зыңғыртау түбі бір түркі жұртының таңбасын басып, енші алысқан «Таңбалы тас» кешені қола дәуірінің металлургиялық орталықтары, түркілік тас мүсіндер, сақ қорғандары мен

оғыз-қыпшақ қалалары, шипалы су көзі - Ембұлақ құдығы бар, «Ұлт ұясы» атанған Ұлытау ұлы бабаларымызға тағзым ететін орталық ғана емес, ішкі және халықаралық туризмнің орталығына айналуы керек.

Ішкі ғана емес, халықаралық туризмнің орталығы болуға Ұлытаудың мүмкіндігі жетеді.

«Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі осы мақсаттағы жұмысының бір бағыты ретінде «Ұлытау таулары – Ұлы таулар» жобасын жасап, іске асыруда.

Жобаның мақсаты – дүние жүзіндегі барлық «Ұлытау» деп аталатын таулардың шыңына шығу, сол жерлерді мекендеген этностарға ортақ ерекшелікті, ұқсастық пен дүниетанымын анықтау, зерттеп, зерделеу. Тек Қазақ халқының тарихи мекені ғана емес, түбі бір түркілердің, сондай-ақ көшпелі жұрттың да киелі ордасы, құтты мекен болған Ұлытаудың ұлылығын дәріптеу, рухани құндылықтарды насихаттау.

Бұл жоба музей жүргізіп жатқан, Моңғолиядан Мажарстанға дейінгі алып аймақтағы Түркі әлемі мен Еуразиялық дала өркениетінің

тарихын, салт-санасын зерделеу, қазіргі тұрмыс-тіршілігін көрсететін фотоальбом шығаруды қолға алған, «Әлем таулары» жобасы мен «Ұлы Еуразия даласы» жобасының жалғасы іспеттес.

«Ұлытау таулары – Ұлы таулар» зерттеушілік, фотожобасы аясындағы экспедицияның мақсаты – «Ұлытау» атауын иеленген, Қазақстандағы Ұлытау, Түркиядағы Ұлы-Даг пен Ресейдегі Уллу-тау (Кабардино-Балкария) және Алтайдағы Улуг-Даг (Тыва Республикасы) пен Улутаг (Хаксия Республикасы) киелі тауларының тарихи маңызын, ортақ ерекшеліктерін, ұқсастықтарын анықтау, зерттеу және түркі әлемінің дүниетанымындағы рухани сабақтастықты айқындау.

2020 жылғы 17-25 ақпанда «Ұлытау таулары – Ұлы таулар» жобасы аясында «Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі мен «Nomad Explorer» бірлестігінің экспедициясы Түркия мемлекетіне арнайы барды. Онда Бурса қаласының Ұлы-Даг университетінде жергілікті ғалымдармен кездесті. Экспедиция мүшесі, музейдің фо-

тографы Дмитрий Ругис университет басшылығымен жоба бойынша ынтымақтастық туралы сәтті келіссөздер жүргізіп, «TUDAM» Түркі мәдениетін дамыту орталығы басшысы Ердем Оздемирмен жүздесті.

«TUDAM» орталығының қабылдау залында Дмитрий Ругис пен музейдің серіктесі, Ұлытаудың тумасы Руслан Ыбырай орталық қызметкерлері мен Ұлы-Даг университетінің студенттеріне музейдің жобасының мақсаты мен Қазақстанның тарихы мен мәдениетіндегі Ұлытаудың рөлі жайлы айтты. Дмитрий Ругис Түркиялық әріптестерді Ұлытаудағы «Көмайса» этнофестивалі мен «Жезкиік» музыкалық фестиваліне шақырды.

Профессор Халит Екен құттықтау сөз сөйледі. Кездесу Дмитрий Ругистің «Ұлытау» фотокөрмесімен аяқталды.

Ежелгі аңыздарда «Ұлы-Даг» шағын Олимп, Мизия Олимпі деп аталған. Бұл таудан ежелгі Құдайлар Троян соғысының барысын бақылаған. Орта ғасырларда бұл жерге монахтар қоныстанып, тау «Кешиш-даг» (Монах тауы) деген атауға ие болған.

Ортағасырларда Қазақстанды мекен етіп, кейіннен, осы жерге ығысуға мәжбүр болған, түркі тілдес оғыз тайпалары бұл тауды оғыз диалектісінде «Ұлы-Даг» деп атап, туған топырағына деген құрметін көрсетуі әбден мүмкін.

Экспедиция мүшесі Дмитрий Ругис оғыздар мекендеген көне қоныста болып, фототүсірілім жасады.

«Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің «Ұлытау таулары – Ұлы таулар» экспедициясының ендігі бағыты – Солтүстік Кавказдағы (РФ) Уллу-тау болмақ.

**Бақтияр ҚОЖАХМЕТОВ,**  
«Ұлытау» ұлттық қорық-музей директоры

## ҚЫМЫЗДЫҢ ҚҰДІРЕТІ

» Сәкен Ақтаев қымыз өндіру, тарату кәсібін меңгергенге дейін «ҚазМұнайГаз» компаниясында кеңсе қызметкері болған. Мамандығы – заңгер. Одан бөлек, тамақ өнеркәсібінің инженер-технологы деген дипломы бар. Жас кезінде Алматыдағы әл-Фараби мейрамханасын басқарған. Ал қымызбен айналысуына жағдай себепші болған.



**Жадыра ШАМҰРАТОВА**

Айтуына қарағанда, екі-үш жыл бұрын қатты науқастанып, қаралмаған жері қалмай қиналады. Алматыда, Астанада, Шымкентте де дәрігерден дәрігер қоймай неше түрлі ем алғанмен, нәтижесі болмайды, ішкен дәрі-дәрмекті ағзасы қабылдамауға айналғанда, туған жерінде екі ай үзбей қымыз ішіп беті бері қарайды. Сөйтіп, дертінің беті қайтып, аяғынан тік тұрып кетеді, арада уақыт өткенде осы Нұр-Сұлтан қаласы маңындағы Максимовқа ауылында тұратын жолдас жігіт екеуі бірігіп қымыз өндіріп, оны сатуға шығаруды ұйғарады. Келіншегі Жанар Төтенше жағдайлар комитетінде қаржы-

гер болған, бірақ қазір күйеуінің кәсібіне көмектесуде. Айтуынша, Максимовқада жайылыс жақсы, бие күніге бес мезгіл сауылады. «Бастапқыда бір-екі литр қымыз сатқаннан өзі қуаныш болатын. Қымыз сатқаннан қатты пайда түспейді, бірақ өз басымнан өткен соң адамдарға, оның ішінде ауыр науқасқа шалдыққандарға жақсы қымыздың шипасы болсын дейміз. Қазір клиенттер өте көбейіп кетті, сол себептен осы «Сельмаг Аршалы» дүкенін аштық. Тек Максимовканың қымызы жетпейтіндіктен, Жамбыл, Шымкент, Семей, Павлодардан, осы қала маңынан да қымыз алдырамыз. Өйткені қымызға сұраныс өте жоғары. Күніге жоқ дегенде онкологияға шалдыққан екі адаммен кездесуге тура келеді.

Сонда қараңыз, күніге екі адамға дұрыс кеңсе берсем, жақсы қымыз ұсынсам, жылына 720 адамға көмегім тигізі мүмкін. Мысалы, саумалдың өз қасиеті, ашып үлгермеген қымыздың өз әсері, ашыған қымыздың өз ерекшелігі бар. Сондықтан шипа іздеген адам саумал ішкен соң аз-маз демалып, артынша қымызға көпше нәтиже болады. Осы күні биені жайылысқа жібермей бір жерде бағатындар да бар, бірақ жайылып келген жылқының қымызы дәру, оған ештеңе жетпейді. Өзім жаздығүні жылқылардың жайылысын көріп, қымыз өндірушілерді аралап келем, Қырғызстанға барып, қымыз ашытудың әдісін меңгердім, енді соны өзгелерге үйреткім келеді. Қымызды ашыту ерекше бапты қажет етеді. Күбіні бізде Көкшетауда дайындайды, жуып, кептіріп, қаймақ жағады, төңкеріп тобылғы түтінімен, ал оңтүстікте тотияйын деген шөптің түтінімен ыстайды. Бұдан соң жылқының сүтін және ашытқы құяды, мысалы, кешке құйса, таңертең саумал болады, одан кейін тағы тұрғызса болады, бірақ оның қышқылдылығы жоғарылайды, егер ұзақ сапырып жіберсе қышқылы кетеді, қазір бұрындағыдай сағаттап күбі пісіп тұрмайды, арнайы мотор арқылы пісе береді» деп өз кәсібінен біраз мағлұмат берді.

Сәкен Сейфоллаұлының таңғалатыны – сырқатына дауа іздеп, қымыздан шипа тапқысы келетін-



дерге дәрігерлер көбіне қымыз ішіңіз дейді екен. Яғни клиенттер оған дәрігердің айтуымен келеді. «Бірақ бұл кеңесті ауыр дерттің ең соңғы стадиясына келгенде айтамын көрінеді. Қымыз ішіңіз дегенді сол бастапқыда науқас алдына келген кезде неге айтпайды екен деп жиі ойланам. Дұрысына келгенде қымыз иммунитетті 200 пайызға көтереді, сондықтан бүкіл әлемді дүрліктіріп жатқан коронавирусқа қарсы шараның бірі осы қымыз дер едім» дейді ол.

Кәсіпкер Сәкен Ақтаев қымыздың қасиеті туралы сағаттап айтуға бар. Қымыздан қалай микс дайындауға болатынын да біледі. Әр үйде миксер бар, 200-300 грамм қымыз ішетін болса миксерге құйып, қышқылын мүлдем шығарып, оған бал қосса да болады. Оның айтуынша, таза қымызды айыру оңай емес, оны қымызды көбірек ішкен адам біледі. Кейде күршіткі суын қосып сататындар да кездеседі. Ондай қымыз «Тан» деген сусынға ұқсап тұрады. «Маған Павлодар, Көкшетау, Ақтөбенің Сарыжал деген жерінің қымызы ұнайды. Ауырған адамға 2-3 түрлі дәрі іше бергенше 2-3 түрлі қымыз ішуге кеңес берем. Әр өңірдің шөбінің дәруі болады.

Оның үстіне қымызды консервілеудің де өз әдісі бар. Ол – бөлек әңгіме. Сондай-ақ қымыз ішудің де ережелері жетерлік, мысалы, қымыздан кейін су ішуге болмайды. Қазір еттен кейін қола ішіп, сіндіруге жақсы деп жатады, ол жерде қола асқазанды сәл кеңейтеді де, асқазан сәл төмен түсіп, жеңілдік бергендей болады. Ал шыңдап келгенде, ол деген – түк пайдасы жоқ қант пен су. Ал еттен кейін қымыз ішкеннің пайдасын аталарымыз білген, қымыз ішсе зат алмасу процесі қатты жүріп, адамның санасын да сауықтырады. Арықтағысы келген қыздар қымызды тамақтың алдында ішуі керек, сонда тоғаяды әрі қымыздың қуаты да ұзаққа жетеді. Ал толысып, ет алу үшін қымызды тамақтан кейін ішеді. Екі жағдайда да адамның өңі ағарады екен.

Төрт баланың әкесі, бес немеренің атасы, 46 жастағы кәсіпкер тамақ өнеркәсібіне қатысты идеясы жетерлік, осы идеяларын жүзеге асыру үшін қалалық әкімдікке ұсыныс әзірлеуде. «Қазақтың ұлттық тағамы – өте табиғи, денсаулыққа пайдалы, осыны кәсіп еткен адамға да пайда әкелетін бизнес. Мұны басқа ұлттар да біліп алған, «сіздің қымызыңыз ерекше дәмді» деп келетін өзге ұлыстар көбейіп келеді. Қазір жастар, балалар едел-жедел дайындалатын, құрамы күмәнді «KFS», «бургерге» құмар, бұлай жалғаса берсе уақыт өткенде дәріханалардан дүкеннен арбамен тамақ алғандай көп қылып дәрі-дәрмек сатып алатын жағдайға жетеміз. Бізге өз ұлттық тағамымыз дастарқанымызда тұру үшін маркетингті де меңгеру керек, мысалы, бізде өндірушілер жетеді, бірақ бәрі бірдей сата алмайды. Таза сүзбеден, майдың суын қосып жасаған дәмді құрт жасай алса да, сатуды меңгермеген. Ұлттық сусынға, тағамға жарнама көбірек болуы керек» деп түйіндеді сөзін кәсіпкер.



**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

ЖОБА

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2019-2023 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына, «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2019-2023 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік білім беру тапсырысы) қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан мақсатты трансферттер есебінен «360 057 032 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып белгіленсін.
3. Басқарма басшысы Қазақстан Республикасы-

ның заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Астана қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;
- 4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі **А. Көлгінов**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы «...» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ қаулысына  
қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2019-2023 оқу жылдарына арналған мамандықтар бөлінісінде мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі**

Р/с №	ЖОО атауы	Мамандықтың коды	Мамандық	Жоғары білім бойынша бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысының саны
1.	«Еуразия гуманитарлық институты» жоғары білім беру мекемесі	B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	30
		B002	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	30
2.	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» акционерлік қоғамы	B057	Ақпараттық технологиялар	20
3.	«Astana IT University» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	B057	Ақпараттық технологиялар	20
4.	«Астана» халықаралық университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	25
		B057	Ақпараттық технологиялар	20
5.	«Алматы Менеджмент Университеті» білім беру мекемесі	B093	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	20
	Жиыны:			165

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қаласы 29.05.2020 №491/65-VI

**2019 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы**

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен ұсынылған 2019 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарап, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты Нұр-Сұлтан қаласының түзетілген бюджеті тиісті көрсеткіштерден кірістер бойынша – 100,5 процентке (жоспар 474 028 073,0 мың теңге, түскені 476 186 111,6 мың теңге), шығындар бойынша – 99,4 процентке (жоспар – 446 460 943,9 мың теңге), орындалғаны – 443 843 247,8 мың теңге екендігін атап өтті.

Таза бюджеттік кредит беру 8 562 187,5 мың теңгені құрады, оның ішінде бюджеттік кредиттер бойынша – 10 767 652,0 мың теңге (100%), бюджеттік кредиттерді өтеу – 2 205 464,5 мың теңгені құрады.

Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо 22 417 455,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- қаржылық активтерді сатып алу бойынша – 23 159 398,0 мың теңге;
- мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша – 741 943,0 мың теңге.

Бюджеттің профициті 1 363 221,4 мың теңгені құрады.

Бюджеттің профицитін пайдалану -1 363 221,4 мың теңгені құрады.

Қарыздар түсімі 19 971 565,7 мың теңгені құрады.

Қаржы жылы ішінде жергілікті атқарушы органның 21 040 106,8 мың теңге сомасындағы қарызын өтеу жүргізілді.

Жыл соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары 4 964 170,5 мың теңгені құрады.

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ**

**ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2019 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің қасалық атқарылуы туралы есеп кірістер бойынша 476 186 111,6 мың теңге болып бекітілсін, шығындар бойынша 443 843 247,8 мың теңге сомасында, таза бюджеттік кредит беру бойынша орындалуы – 8 562 187,5 мың теңге, қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоның орындалуы – 22 417 455,0 мың теңге, бюджет профициті бойынша – 1 363 221,4 мың теңге, бюджеттің профицитін пайдалану – 1 363 221,4 мың теңге бойынша бекітілсін (қоса беріледі).
2. Тексеру комиссиясының 2019 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуы туралы есебі назарға алынсын.
3. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:
  - 1) Бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттарға жетумен бюджеттік бағдарламаны сапалы және тиімді іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдау, бұл ретте бюджет заңнаманың және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету;
  - 2) әкімшілер 2016-2020 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасының мақсатты индикаторлары мен іс-шараларын жоспарлауда бюджеттік бағдарламалардың сапасын жоғарылату бойынша шаралар қабылдау;
  - 3) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің арасындағы жұмысты үйлестіруді жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;
  - 4) бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне:

**«Б» КОРПУСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ЛАУАЗЫМДАРҒА ОРНАЛАСУҒА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТЕСТІЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 19 мамырдағы №81 бұйрығымен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары мен мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуді ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аталған бұйрық Әділет министрлігінде 2020 жылдың 25 мамырында №20709 санымен тіркеліп, ҚР НҚА электрондық түрдегі бақылау банкіне 2020 жылғы 26 мамырда ресми жарияланды.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидаларына редакциялық түзетулермен қатар келесі өзгерістер енгізілді:

- 1) республика аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде сертификат пен жеке қасиеттерін бағалау қорытындысының жарамдылық мерзімі енгізілген төтенше жағдай кезеңіне тоқтатыла тұрады.
- Бұл ретте, «Құқықтық актілер туралы» Заңның 43-бабы 2-тармағына сәйкес заңнамалық актінің азаматтардың жағдайын жақсартатын

жәйттар бойынша кері күші болатындығын назарға алу қажет;

- 2) белгіленген межеден төмен нәтижеге қол жеткізген кандидаттар тестілеу күнінен күнтізбелік он бес күн өткеннен кейін тестілеуді қайта тапсыра алады;
- 3) тестілеу нәтижелері бойынша шағымдарын қарастыру және кандидаттардың құқықтарын қорғау жөніндегі апелляциялық комиссия тек Агенттіктің жанында құрылады.

Осыған сәйкес, аумақтық департаменттің жанында құрылған апелляциялық комиссиялар таратылады.

- 4) тестілеуге қатысуға өтініш пен қолхатта көрсетілген тұлғаның орнына басқа адам кіргендігі анықталған жағдайда тиісті акті жасалып, тестілеу залынан шығарылады.

Аталған тұлғалар акт толтырылған күннен бастап 6 ай мерзім өткен соң қайта тестілеуден өте алады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті

**БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

Ұйымның қаншалықты табысты болатыны көп жағдайда бухгалтерлік есепті жүргізудің сауаттылығына байланысты, оны қамтамасыз ету үшін бухгалтерлік есепті жүргізудің барлық жалпы қабылданған принциптерін сақтау қажет.

Бухгалтерлік есепке алу принциптері келесідей жіктеледі: есептеу, үздіксіздік, түсініктілік, маңыздылық, сенімділік, объективтілік, риясыздық, бейтараптық, сақтық, аяқталғандық, салыстырмалылық, дәйектілік.

Соның негізінде қаржылық есептер жасалатын, бухгалтерлік есептің негізгі принциптерінің бірі есептеу болып табылады. Демек, барлық кірістер мен шығыстар төлем болғаннан кейін емес, ал шаруашылық операцияның аяқталуына қарай есепке алынуы (көрсетілуі) тиіс. Яғни егер ақшалай қаражат еңбекпен табылса, оның келіп түскен сәтін күтпей, қаржылық есепте көрсету қажет.

Үздіксіздік – бухгалтерлік есептің негізгі принциптерінің бірі, яғни кәсіпорын көз жетерлік келешекте өз қызметін жалғастыратыны және оның өз қызметін тарату немесе елеулі қысқарту ниеті не болмаса қажеттілігі жоқ екендігі жорамалданады.

Түсініктілік пайдаланушы үшін ұсынылатын ақпараттың қолжетімділігін білдіреді. Осы бухгалтерлік есепті құрудың принципі шаруашылық операцияларды жазудың мүмкін нысандарын стандарттайды.

Маңыздылық – бухгалтерлік есептің жалпы принциптерінің бірі. Ол пайдаланушылардың қажеттіліктері шешімдерді қабылдау үстінде, сондай-ақ операциялық, қаржылық және шаруашылық қызмет оқиғаларын талдау мен бағалау сәтінде толық қанағаттандырылуы үшін тек маңызды ақпаратты есепке алу қажеттілігін бекітеді.

Сенімділік бухгалтерлік есепті жүргізудің негізгі принципі болып табылады. Елеулі қателіктен немесе теріс болжамнан құралмаған ақпарат сенімді

болып есептеледі.

Объективтілік пен риясыздық принциптеріне ғана емес, бухгалтерлік есептің негіздеріне де жатады. Барлық шаруашылық операциялар қаржылық есепте көрсетілуі, шаруашылық қызметтің әрбір кезеңінде тіркелуі, сондай-ақ растайтын құжаттармен расталуы қажет.

Бейтараптық – қаржылық есепке енгізілетін ақпаратқа қасақана еместікті қолдануды міндеттейтін, бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың жалпы принциптерінің бірі, бұл сонда көрсетілген ақпаратты сенімді етіп сипаттауға мүмкіндік береді.

Сақтық белгісіздік жағдайларында есептеу кезінде қажетті шешімдерді қабылдау кезінде кейбір сақтықтық көздейді.

Аяқталғандық көрсетілген деректердің логикалық толықтығын және жеткілікті болуын анықтайды. Салыстырмалылық әр түрлі есептік кезеңдердің есептік нысандарын стандарттау қажеттілігін айқындайды.

Дәйектілік есептік ақпараттың бір есептік кезеңнен басқасына дәйекті көшун қарастырады.

Келтірілген принциптерді сақтамау шаруашылық субектінің мүлкікті жағдайының суретін бұрмалайды. Басшылар және бас бухгалтерлер есептік ақпаратты бұрмалауға және активтер мен міндеттемелердің баптарын бағалауда, қасақана өзгертілген есептік деректерді беруде кінәлі болады және тиісінше Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

**Б.ЖАНСЕЙТОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
Ішкі мемлекеттік аудит департаменті  
камералдық бақылау бөлімінің  
бас маманы

өткен жылдардағы дебиторлық берешекті өндіріп алу және /немесе есептен шығару жөнінде толығымен шаралар қабылдау, борышкерлерді банкрот деп тану және оларды банкроттық рәсім басталған кезде тарату жөнінде жұмыс жүргізуді тапсыру;

- 5) көлемді дебиторлық берешектің болғандығы үшін лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарау;
- 6) квазимемлекеттік сектор субъектілері қыз-

метінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қабылдау ұсынылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы **А. Табұлдина**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы **М. Шайдаров**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 491/65-VI шешіміне қосымша

**2019 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуы туралы есеп**

Бюджеттік бағдарламаның кодтары	Атауы	«2019 жылға бекітілген бюджет (Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 333/42-VI «Нұр-Сұлтан қаласының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешімі)	«2019 жылға нақтыланған бюджет (Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы №449/57-VI «Нұр-Сұлтан қаласының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешімі)	2019 жылға түзетілген бюджет	Тіркелген міндеттемелер	«Төленбеген міндеттемелер»	Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер	Түзетілген бюджеттің % атқарылуы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	І. КІРІСТЕР	405 830 487,0	444 206 391,0	474 028 073,0			476 186 111,6	100,5
	САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ	264 146 677,0	262 146 677,0	262 146 677,0			258 705 384,1	98,7
1	Салықтық түсімдер	264 146 677,0	262 146 677,0	262 146 677,0			258 705 384,1	98,7
01	Табыс салығы	121 139 987,0	119 715 896,0	119 715 896,0			118 261 438,5	98,8
	Жеке табыс салығы	121 139 987,0	119 715 896,0	119 715 896,0			118 261 438,5	98,8
